Қазан айында Республика күні, Мұғалімдер күні, Халықаралық қыздар күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстары күшейтілді. «Бірыңғай дублер күні», «Таланттар шеруі», «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді. «Ұшқыр ой алаңы» дебаттары арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамытылды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «ЭКО сағаттар» ұйымдастырылды.

Қазан айында Республика күні, Мұғалімдер күні, Халықаралық қыздар күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылды. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жұмыстары күшейтілді. «Бірыңғай дублер күні», «Таланттар шеруі», «Күзгі асар» жәрмеңкесі өткізілді.

«Ұшқыр ой алаңы» дебаттары арқылы оқушылардың сыни ойлау қабілеті дамытылды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «ЭКО сағаттар» ұйымдастырылды.

4. Қараша айындағы жұмыстар

Қараша айында әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге басымдық берілді. Ұлттық валюта күніне арналған сынып сағаттары, қаржылық сауаттылық ойындары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары өткізілді.

«Таза қол – таза ар-ұждан» байқауы, құқықтық сауаттылық дәрістері, буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

Қараша айында әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын дәріптеуге басымдық берілді. Ұлттық валюта күніне арналған сынып сағаттары, қаржылық сауаттылық ойындары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары өткізілді.

«Таза қол – таза ар-ұждан» байқауы, құқықтық сауаттылық дәрістері, буллинг пен ерте жүктіліктің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды.

5. Желтоқсан айындағы жұмыстар

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне арналған патриоттық шаралар кең көлемде өткізілді. «Тәуелсіздік тұғыры» ойыны, ерлік сабақтары, «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі ұйымдастырылды.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша онкүндік өткізіліп, оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған кездесулер ұйымдастырылды.

Желтоқсан айында Тәуелсіздік күніне арналған патриоттық шаралар кең көлемде өткізілді. «Тәуелсіздік тұғыры» ойыны, ерлік сабақтары, «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджі ұйымдастырылды.

Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша онкүндік өткізіліп, оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған кездесулер ұйымдастырылды.

6. Қаңтар–Мамыр айларындағы жұмыстар

Екінші жартыжылдықта құқықтық тәрбие, кәсіби бағдар, экологиялық мәдениет, кітап оқу мәдениеті, волонтерлік қызмет және шығармашылық жобалар жүйелі жалғастырылды.

«Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Мирас», «Аққу», «Smart Bala», «DosbolLIKE», «Адал ұрпақ» жобалары аясында көптеген іс-шаралар өткізілді. Оқушылар облыстық және аудандық байқауларға қатысып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізді.

Екінші жартыжылдықта құқықтық тәрбие, кәсіби бағдар, экологиялық мәдениет, кітап оқу мәдениеті, волонтерлік қызмет және шығармашылық жобалар жүйелі жалғастырылды.

«Қамқор», «Еңбегі адал – жас өрен», «Шабыт», «Мирас», «Аққу», «Smart Bala», «DosbolLIKE», «Адал ұрпақ» жобалары аясында көптеген іс-шаралар өткізілді. Оқушылар облыстық және аудандық байқауларға қатысып, нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізді.

Оқу жылы ішінде оқушылардың қоғамдық жұмыстарға қатысу белсенділігі артты. Волонтерлік қозғалыс дамып, қайырымдылық акцияларына қатысушылар саны көбейді. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Оқушылардың бойында патриоттық құндылықтар, жауапкершілік, еңбекқорлық, шығармашылық белсенділік және азаматтық ұстаным қалыптастыру бағытындағы жұмыстар оң нәтиже берді.

Бағдарлама аясында өткізілген іс-шаралар білім алушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік бейімделуіне және өмірлік дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІН НАСИХАТТАУ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері – Ту, Елтаңба және Әнұран тәуелсіз мемлекетіміздің басты құндылықтарының бірі болып табылады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, олардың мәні мен маңызын терең түсіну жас ұрпақтың бойында қазақстандық патриотизмді, азаматтық жауапкершілікті және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды бағыты болып саналады.

2025–2026 оқу жылы барысында мектепте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және оларға құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүйелі түрде тәрбие жұмыстары жүргізілді. Жоспарланған іс-шаралар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне, тәрбие жұмысының негізгі бағыттарына және мектептің тәрбие жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

Мектепте Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары тұрақты сипатқа ие болды. Әрбір аптаның басында өткізілетін мектептік саптық жиындарда және барлық салтанатты іс-шараларда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалды. Оқушылар Әнұранды орындау кезінде белгіленген тәртіпті сақтап, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету мәдениетін қалыптастырды.

Мемлекеттік рәміздер күніне арналған іс-шаралар ерекше мазмұнда ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз», «Тәуелсіздіктің қасиетті белгілері», «Елімнің рәміздері – елдігімнің белгісі» тақырыптарында кітап көрмелері ұйымдастырылды. Көрмелер барысында оқушылар рәміздердің шығу тарихымен, олардың авторларымен және тарихи маңызымен танысты.

Барлық сыныптарда «Мемлекеттік рәміздер – елдігімнің айғағы», «Туым – мақтанышым, Елтаңбам – елдігім, Әнұраным – рухым» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері оқушыларға мемлекеттік рәміздердің пайда болу тарихы, олардың мазмұны мен мағынасы туралы жан-жақты мәлімет берді. Сабақтар барысында бейнероликтер көрсетіліп, танымдық презентациялар қолданылды.

Оқу жылы ішінде бастауыш, орта және жоғары буын оқушылары арасында түрлі зияткерлік ойындар, викториналар, пікірталастар және эссе байқаулары ұйымдастырылды. Аталған іс-шаралар оқушылардың мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін кеңейтіп қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік берді. Викториналар нәтижесінде оқушылардың басым бөлігі мемлекеттік рәміздердің авторларын, қабылданған күндерін және негізгі мағыналық ерекшеліктерін толық меңгергенін көрсетті.

Қазақстан тарихы, қазақ тілі мен әдебиеті, музыка және көркем еңбек сабақтарында мемлекеттік рәміздерді оқытуға ерекше назар аударылды. Пән мұғалімдері рәміздердің тарихи негіздерін түсіндіріп, олардың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуындағы рөлін ашып көрсетті. Музыка сабақтарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының шығу тарихы мен орындалу ерекшеліктері қарастырылды.

Патриоттық тәрбие аясында мемлекеттік мерекелерге арналған іс-шараларда Мемлекеттік Ту мен Елтаңбаны пайдалану мәдениеті қалыптастырылды. Тәуелсіздік күні, Республика күні, Конституция күні және басқа да мемлекеттік мерекелер барысында өткізілген салтанатты жиындар оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттырып, азаматтық ұстанымдарын нығайтуға ықпал етті.

Мектептің ақпараттық кеңістігінде де мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары жүйелі жүргізілді. Ақпараттық стендтер жаңартылып, тақырыптық бұрыштар безендірілді. Мектеп сайтында және әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларда мемлекеттік мерекелер мен рәміздерге арналған материалдар тұрақты жарияланып отырды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың мемлекеттік рәміздер туралы білім деңгейі артты, олардың Отанға деген сүйіспеншілігі мен азаматтық жауапкершілігі нығайды.

Оқушылар мемлекеттік рәміздердің тарихи және рухани құндылығын түсініп, оларды құрметтеу әрбір Қазақстан азаматының парызы екенін ұғынды.

Талдау нәтижелері көрсеткендей, мектепте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары жоспарлы, жүйелі және мақсатты түрде жүзеге асырылды. Іс-шаралар оқушылардың бойында патриоттық сана-сезімді қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және белсенді азаматтық ұстанымды дамытуға оң ықпал етті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША

Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыздық пен панасыздықтың алдын алу, білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

2025–2026 оқу жылында мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кешенді және жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу, құқықтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру, құқық бұзушылықтың, буллингтің, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің және басқа да келеңсіз жағдайлардың алдын алу болып табылады.

Мектепте 1–11- сыныптар аралығында 122 оқушы білім алады. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында спорттық секциялар, пәндік үйірмелер, шығармашылық бірлестіктер және қоғамдық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Атап айтқанда, футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, жас сарбаз секцияларына және «Адал ұрпақ» еріктілер клубына көптеген оқушылар тартылды. Бұл жұмыстар оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге, олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға оң әсерін тигізді.

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстар мектеп директорының, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің және ата-аналар комитетінің бірлескен жоспары негізінде жүзеге асырылды. Мектепте «Профилактика кеңесі» тұрақты жұмыс істеп, оқушылардың тәртібі мен сабаққа қатысуы жүйелі түрде бақылауға алынды.

Оқу жылының басында әлеуметтік паспорт жаңартылып, әлеуметтік санаттағы оқушылардың дерекқоры нақтыланды. Әлеуметтік зерттеу нәтижесінде аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар саны – 43, толық емес отбасынан шыққан оқушылар саны – 22 екені анықталды. Жайсыз отбасылар мен мектепшілік есепте тұрған оқушылар тіркелмеген.

Қыркүйек айында құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды. Ауылдық учаскелік полиция инспекторы жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, нашакорлықтың, есірткі құралдарын пайдаланудың және синтетикалық заттардың адам денсаулығына тигізетін зияны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында арнайы бейнероликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауап берілді.

Сонымен қатар оқу жылы бойы төтенше жағдайлар қызметкерлерімен және медицина қызметкерлерімен кездесулер өткізіліп, жол қозғалысы қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері мен өмір қауіпсіздігі мәселелері қарастырылды.

Қазан-қараша айларында барлық сыныптарда «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу», «Мен және заң», «Заңды білу – заман талабы», «Құқық пен міндет» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Сынып жетекшілері құқық бұзушылықтың түрлері, олардың салдары және заң алдындағы жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

«Бала құқығын қорғау» айлығы аясында оқушылар Бала құқықтары туралы Конвенциямен танысты. Танымдық сабақтар, құқықтық викториналар, пікірталастар ұйымдастырылып, оқушылар өз құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтырды. Балалар адам құқықтарының маңыздылығын түсініп, өз көзқарастарын ашық білдіруге мүмкіндік алды.

Мектеп психологы мен әлеуметтік педагог тарапынан интернет қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Қауіпсіз интернет», «Кибербуллингтің алдын алу», «Интернеттегі алаяқтықтан сақтану» тақырыптарында профилактикалық кездесулер өткізіліп, оқушыларға әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалану бойынша ұсыныстар берілді.

Оқу жылы барысында балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың, қатыгездіктің, ерте жүктіліктің және жыныстық қол сұғылмаушылыққа қарсы қылмыстардың алдын алу бағытында

арнайы жұмыстар жүргізілді. Мектепте бекітілген жоспарға сәйкес түсіндіру кездесулері, тренингтер, ата-аналар жиналыстары және жеке консультациялар өткізілді.

Тарих пәнінің мұғалімдері, педагог-психолог және әлеуметтік педагогтың қатысуымен «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау», «Қауіпсіз балалық шақ», «Менің қауіпсіздігім – менің құқығым» тақырыптарында ақпараттық сабақтар ұйымдастырылды. Оқушылар қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгеріп, қиын жағдайларда көмек сұрау жолдары туралы ақпарат алды.

Желтоқсан айында орта және жоғары буын оқушылары арасында «Жасөспірім. Құқық бұзушылық. Жауапкершілік» тақырыбында кездесулер өткізілді. ҚР заңнамасына сәйкес кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік мәселелері түсіндірілді.

Сәуір айында «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» тақырыбында тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Оқушылар буллингтің түрлері, оның салдары және құрбандарға қолдау көрсету жолдары туралы ақпарат алды. Тренингтік жұмыстар арқылы балалардың бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасын қалыптастыруға көңіл бөлінді.

Оқу жылы бойы ата-аналармен жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында жасөспірімдердің қауіпсіздігі, интернеттегі мінез-құлық мәдениеті, құқықтық жауапкершілік, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және отбасы тәрбиесінің маңызы мәселелері қарастырылды.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп мұғалімдері мен ата-аналар комитетінің мүшелерінің қатысуымен кешкі рейдтер ұйымдастырылды. Рейдтердің мақсаты – оқушылардың бос уақытын бақылау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және бала құқықтарының сақталуын қадағалау болды. Әлеуметтік санаттағы отбасылардың тұрмыстық жағдайларына мониторинг жүргізіліп отырды.

2023–2026 жылдар аралығында мектеп бойынша аудандық есепте, ювеналды полиция есебінде немесе мектепшілік бақылауда тұрған оқушылар тіркелмеген.

Оқу жылы	Аудандық есеп	Мектепшілік есеп	Жалпы
2023–2024	0	0	0
2024–2025	0	0	0
2025–2026	0	0	0

Бұл көрсеткіштер мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының тиімділігін және педагогикалық ұжымның, ата-аналардың, құқық қорғау органдарының және қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысының нәтижелілігін көрсетеді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде мектепте құқық бұзушылық, қылмыс, буллинг, әлімжеттік және басқа да келеңсіз жағдайлар тіркелген жоқ. Оқушылардың құқықтық сауаттылығы артып, заңға құрметпен қарау, азаматтық жауапкершілік және қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті қалыптасты.

Алдағы уақытта құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды жетілдіру, ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, құқықтық тәрбие беру іс-шараларының мазмұнын жаңарту және оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстарын жалғастыру жоспарлануда.

Сәтсіз отбасылардың 3 жылдық көрсеткіші:

Оқу жылдары	Қалалық есепте тұрған «Сәтсіз отбасы», ондағы оқушылар	Мектепшілік есепте тұрған «Сәтсіз отбасы», ондағы оқушылар
2023-2024 оқу жылы	0	0
2024-2025 оқу жылы	0	0
2025-2026 оқу жылы	0	0

Мектептің әлеуметтік паспорты

№	Әлеуметтік санаттар	2023-	2024-	2024-
---	---------------------	-------	-------	-------

		2024 оқу жылы	2025 оқу жылы	2025 оқу жылы
1	Барлық оқушылар	153	142	
	<i>Отбасы түрі бойынша:</i>			
2	Толық отбасылар	129	119	
3	Толық емес отбасылар	24	23	
4	Көп балалы отбасы	40	35	
5	Аз қамтамасыз етілген отбасы	56	53	
6	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	1	3	
7	ЕБҚ бар оқушылар саны	11	11	
8	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0	
9	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0	

Қорыта келе, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу жұмысы-кылмыспен күресудің алдыңғы қатардағы бағыттарының бірі деп есептеледі. Оның сапалы орындалуы, алдын ала ескертілуі өскелең ұрпақтың денсаулығы және адамгершілігі үшін елеулі жағдайдың жасалуы. Ал алдын алу жұмыстары бойынша мектептің ерекше міндеті құқықбұзушылықты ертерек анықтау болып табылады. Сондықтан мектеп психологтары, сынып жетекшілер, мектеп әкімшілігі бірлесе отырып, сауалнама, әртүрлі диагностикалық жұмыстар арқылы әр сыныпта «Қауіп» тобына кіретін оқушыларды анықтаудан бастайды.

ТЕРРОРИЗМ МЕН ЭКСТРЕМИЗМНІҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жас ұрпақтың бойында азаматтық жауапкершілікті, патриотизмді, толеранттылықты қалыптастыру және терроризм мен экстремизм идеологиясының таралуына жол бермеу мақсатында 2025–2026 оқу жылы барысында мектепте терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағытында кешенді және жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушылар арасында экстремизм мен терроризмнің қоғамға тигізетін зияны туралы түсінік қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру, радикалды көзқарастардың алдын алу, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін дамыту және төтенше жағдайлар кезінде дұрыс әрекет ету дағдыларын қалыптастыру болды.

Оқу жылының басында терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Педагогикалық ұжым, техникалық қызметкерлер және білім алушылар жоспарланған жұмыстармен таныстырылды. Сонымен қатар мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің және қызметкерлердің кезекшілік кестесі жасалып, білім беру ұйымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары күшейтілді.

Мектепте өткізу режимі талапқа сай ұйымдастырылды. Ғимаратқа кіру және шығу бақылауға алынып, кезекші әкімші, кезекші мұғалім және техникалық қызметкерлер тарапынан күнделікті бақылау жүргізілді. Мектеп ғимаратында терроризм мен экстремизмнің алдын алу бағытындағы ақпараттық материалдар орналастырылып, «Терроризм – қоғамға қауіп», «Экстремизмге жол жоқ», «Бейбітшілік пен келісім – басты құндылық» тақырыптарында тұрақты ақпараттық бұрыштар жұмыс істеді.

Мектепте терроризм мен экстремизмнің алдын алу жөніндегі штаб құрылып, оның жұмысы бекітілген жоспар негізінде жүргізілді. Директор жанындағы кеңестерде және педагогикалық кеңестерде терроризмнің алдын алу, қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері мәселелері қарастырылып отырды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі, сынып жетекшілері және мектеп әкімшілігі тарапынан оқушылармен, педагогтермен және мектеп қызметкерлерімен қауіпсіздік техникасы бойынша жоспарлы және жоспардан тыс нұсқамалар өткізілді. Нұсқамалар барысында терроризм қаупі туындаған жағдайда әрекет ету тәртібі, күдікті заттарды анықтау кезіндегі іс-қимылдар және төтенше жағдайлар кезіндегі эвакуациялау алгоритмдері түсіндірілді.

Оқу жылының басында барлық сынып оқушыларына мектептегі ішкі тәртіп ережелері, қоғамдық орындардағы қауіпсіз мінез-құлық нормалары және қауіпсіздік талаптары түсіндірілді. Әр оқушы үшін «Үй – мектеп – үй» қауіпсіз қозғалыс бағыты әзірленіп, ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілері «Терроризм және экстремизм дегеніміз не?», «Жалған діни ағымдардың қауіптілігі», «Толеранттылық – бейбіт қоғамның негізі», «Қоғамдық қауіпсіздік және азаматтық жауапкершілік», «Діни экстремизмнің алдын алу» тақырыптарында тәрбие сағаттарын өткізді. Сабақтар барысында оқушылар экстремистік идеологияның белгілерімен, оның қоғамға тигізетін зардаптарымен және заң алдындағы жауапкершілік мәселелерімен танысты.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы аясында жоғары сынып оқушылары арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға дәстүрлі діндердің ерекшеліктері, діни сауаттылық және радикалды ағымдардың қауіптілігі туралы мәліметтер берілді.

Қазан, ақпан және мамыр айларында төтенше жағдайлар кезіндегі әрекеттерді пысықтау мақсатында жоспарлы эвакуациялық жаттығулар өткізілді. Жаттығулар барысында барлық оқушылар мен қызметкерлер белгіленген уақыт ішінде қауіпсіз аймақтарға эвакуацияланды. Эвакуация қорытындысы бойынша талдау жүргізіліп, анықталған кемшіліктер бойынша ұсыныстар берілді.

Қаңтар айында барлық сыныптарда «Төтенше жағдайлар туындаған және терроризм актісін жасау қаупі төнген кезде білім алушылардың іс-қимыл алгоритмі» тақырыбында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушыларға төтенше жағдай кезінде сабыр сақтаудың, мұғалімдердің нұсқауларын орындаудың және қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Қазіргі таңда интернет кеңістігінде радикалды идеялардың таралу қаупі жоғары болғандықтан, оқушылар арасында ақпараттық қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды. «Қауіпсіз интернет», «Интернеттегі ақпаратты сыни бағалау», «Әлеуметтік желілердегі қауіптер», «Жалған ақпараттың алдын алу» тақырыптарында кездесулер, пікірталастар және әңгімелер өткізілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар да маңызды орын алды. Ата-аналар жиналыстарында:

- Отбасында толеранттылықты қалыптастыру;
- Жасөспірімдер арасындағы төзімсіздік пен экстремизмнің алдын алу;
- Балалардың азаматтық жауапкершілігін тәрбиелеу;
- Интернет қауіпсіздігі;
- Тыйым салынған интернет-ресурстардың зияны;
- Деструктивті діни ағымдардың белгілері

тақырыптары қарастырылды.

Оқу жылы бойы мектеп оқушыларының сыртқы келбетіне, мектеп формасын сақтауына және ішкі тәртіп ережелерінің орындалуына бақылау жүргізілді. Рейдтік іс-шаралар нәтижесінде оқушылар арасында мектеп формасын сақтау мәдениеті қалыптасып, тәртіп бұзушылық жағдайларының алдын алу шаралары жүзеге асырылды.

Ай сайын профилактикалық кеңес отырыстары өткізілді. Кеңес барысында сабаққа қатысу, тәртіп, қауіпсіздік талаптарын сақтау, әлеуметтік жағдайы әртүрлі отбасылардан шыққан оқушылармен жүргізілетін жұмыстар мәселелері қаралды.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру терроризм мен экстремизмнің алдын алудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады. Осы мақсатта мектепте футбол, волейбол, баскетбол, шахмат секциялары және әртүрлі үйірмелер жұмыс істеді. Оқушылар аудандық және мектепшілік жарыстарға, мәдени-көпшілік іс-шараларға белсенді қатысып, бос уақыттарын пайдалы өткізді.

Жүргізілген профилактикалық жұмыстардың нәтижесінде мектепте терроризм мен экстремизмге қатысты құқық бұзушылықтар, радикалды көзқарастарды насихаттау фактілері, діни алауыздық белгілері немесе қауіпсіздік талаптарын өрескел бұзу жағдайлары тіркелген жоқ.

2025–2026 оқу жылында терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыстар жоспарлы, жүйелі және тиімді жүргізілді. Өткізілген іс-шаралар білім алушылардың құқықтық

мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін және төтенше жағдайларда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті.

Алдағы кезеңде терроризм мен экстремизмнің алдын алу бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру, ата-аналармен өзара іс-қимылды күшейту, оқушылардың медиасауаттылығын арттыру және қауіпсіз білім беру ортасын жетілдіру бағытындағы жұмыстар жалғастырылатын болады.

БАЛАЛАР ЖАРАҚАТТАНУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАР

Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру және түрлі жарақаттану жағдайларының алдын алу мектептің тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты 2025–2026 оқу жылының басында мектепте балалар жарақаттануының алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Жоспарға сәйкес оқу жылы бойы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіздік техникасы ережелерін түсіндіруге бағытталған профилактикалық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, төтенше жағдайлардың алдын алу, өмірлік дағдыларын жетілдіру және балалар жарақаттануының деңгейін төмендету болды.

Оқу жылының басында барлық сыныптарда қауіпсіздік техникасы бойынша алғашқы нұсқамалар өткізілді. Оқушылар мектептің ішкі тәртіп ережелерімен, оқу кабинеттеріндегі қауіпсіздік талаптарымен, үзіліс кезіндегі тәртіп нормаларымен және төтенше жағдайлар кезіндегі әрекет ету алгоритмдерімен таныстырылды.

Сынып жетекшілері жыл бойы балалардың өмір қауіпсіздігіне қатысты әртүрлі бағыттар бойынша профилактикалық әңгімелер, дәрістер, тәрбие сағаттары мен түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, көшеде, қоғамдық орындарда, қоғамдық көлікте, теміржол маңында және үй жағдайында қауіпсіз мінез-құлық сақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Оқушылар арасында жол-көлік жарақаттарының алдын алу мақсатында «Жолда жүру ережелерін сақтайық», «Қауіпсіз жол», «Мен – жаяу жүргіншімін», «Қауіпсіз үйге жол» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. Балалар жол белгілерін тану, жаяу жүргіншілер өткелдерін дұрыс пайдалану және жол қозғалысы ережелерін сақтау бойынша білімдерін жетілдірді.

Теміржол көлігін пайдалану кезіндегі қауіпсіздік мәселелері де тұрақты түрде қарастырылды. Оқушыларға теміржол нысандарының қауіптілігі, рұқсат етілмеген орындардан өтуге болмайтындығы және қауіпсіздік талаптарын сақтау қажеттілігі түсіндірілді.

Күзгі, қысқы, көктемгі және жазғы демалыстар қарсаңында барлық сыныптарда қауіпсіздік техникасы бойынша арнайы нұсқамалар өткізілді. Демалыс кезеңінде көшеде, табиғат аясында, су айдындарында, көлікте және үйде қауіпсіз мінез-құлық сақтау жөнінде жадынамалар таратылып, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қыс мезгілінде оқушылар арасында мұздағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. «Абайлаңыз, жұқа мұз!», «Қысқы кезеңдегі қауіпсіздік ережелері», «Мұздағы жүріс-тұрыс қағидалары» тақырыптарында әңгімелер ұйымдастырылып, мұз үстіндегі қауіпті жағдайлардың алдын алу жолдары түсіндірілді.

Көктем мезгілінде су тасқыны кезеңіндегі қауіпсіздік шаралары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Оқушылар көктемгі су айдындарындағы қауіп-қатерлермен танысып, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда әрекет ету тәртібі туралы ақпарат алды.

Мектеп әкімшілігі тарапынан оқу кабинеттерінің, спорт залдарының, дәліздердің және мектеп аумағының қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізілді. Қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін жағдайларды дер кезінде анықтау және жою шаралары қабылданды. Мектеп ғимаратындағы жарақат алу қаупі бар аймақтарға қосымша назар аударылып, қауіпсіздік белгілері орналастырылды.

Балалардың тұрмыстық жарақаттануының алдын алу мақсатында «Үйде жалғыз қалғанда», «Тұрмыстық қауіпсіздік», «Өрт қауіпсіздігі», «Сіріңкемен ойнау қауіпті», «Газ және электр құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік» тақырыптарында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға тұрмыстық техника мен электр құралдарын пайдалану кезінде сақталатын қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.

Электр жарақаттарының алдын алу бағытында «Электр тогының қауіптілігі», «Электр құралдарын дұрыс пайдалану», «Электр қауіпсіздігі ережелері» тақырыптарында ақпараттық сағаттар өткізілді. Балалар электр желілеріне жақындамау, зақымданған сымдарға қол тигізбеу және қауіпті жағдайларда ересектерге хабарлау қажеттілігі туралы ақпарат алды.

Мереке күндері мен бұқаралық іс-шаралар қарсаңында оқушылармен қосымша қауіпсіздік нұсқамалары өткізілді. Пиротехникалық бұйымдарды пайдаланудың қауіптілігі, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері және жеке қауіпсіздікті сақтау мәселелері түсіндірілді.

Балалардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында буллингтің, кибербуллингтің және қорқытып-үркітудің алдын алу бойынша арнайы жұмыстар ұйымдастырылды. Педагог-психолог пен әлеуметтік педагог оқушылар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, достық қарым-қатынас, өзара сыйластық және жанжалдардың алдын алу мәселелерін қарастырды.

Ата-аналармен де жүйелі жұмыс жүргізілді. Ата-аналар жиналыстарында балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау, демалыс кезіндегі қауіпсіздік, интернет кеңістігіндегі қауіптер, жол-көлік оқиғаларының алдын алу және тұрмыстық жарақаттанудың алдын алу мәселелері талқыланды. Ата-аналарға қауіпсіздік бойынша ұсынымдар мен жадынамалар таратылды.

Жыл бойы мектепте қауіпсіздік техникасын сақтау жағдайына мониторинг жүргізіліп отырды. Сынып жетекшілері оқушылардың қауіпсіздік ережелерін меңгеру деңгейін бақылап, профилактикалық жұмыстардың тиімділігіне талдау жасады.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде оқушылар арасында қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті қалыптасып, өмірлік қауіпсіздік дағдылары нығайтылды. Оқу жылы ішінде мектепте ауыр жарақаттану жағдайлары тіркелген жоқ, бұл профилактикалық жұмыстардың тиімді ұйымдастырылғанын көрсетеді.

2025–2026 оқу жылында балалар жарақаттануының алдын алу бойынша жұмыстар жоспарлы және жүйелі түрде жүзеге асырылды. Өткізілген іс-шаралар білім алушылардың өмір қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыруға, жарақаттану тәуекелдерін төмендетуге және қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге ықпал етті.

Алдағы уақытта балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға бағытталған профилактикалық жұмыстарды жалғастыру, ата-аналармен ынтымақтастықты күшейту, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру бойынша жаңа форматтағы іс-шараларды енгізу және қауіпсіз білім беру ортасын жетілдіру жұмыстары жалғастырылатын болады.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫ

2025–2026 оқу жылында кәсіптік бағдар беру жұмысы білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, қабілеттерін ескере отырып, олардың болашақ мамандықты саналы таңдауына бағытталды. Жұмыс Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы нормативтік құжаттарына сәйкес ұйымдастырылып, мектептің тәрбие жұмысы жоспары негізінде жүйелі түрде жүзеге асырылды.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына жағдай жасау, еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту және болашақ кәсіби қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу болды.

Оқу жылы барысында кәсіптік бағдар беру жұмысы келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділіктерін анықтау;
- еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат беру;
- жоғары және арнаулы орта оқу орындарымен таныстыру;
- кәсіби өзін-өзі анықтауға психологиялық қолдау көрсету;
- түрлі мамандық иелерімен кездесулер ұйымдастыру;
- ата-аналарды кәсіптік бағдар беру жұмысына тарту.

Жыл басында 8–11 сынып оқушылары арасында кәсіби қызығушылықтарды анықтау мақсатында сауалнамалар мен диагностикалық зерттеулер жүргізілді. Педагог-психолог кәсіби бағыттылықты анықтау бойынша тесттер ұйымдастырып, нәтижелері сынып жетекшілері мен ата-аналарға ұсынылды. Диагностика нәтижелері оқушылардың басым бөлігі техникалық, педагогикалық, медициналық, құқық қорғау және IT салаларына қызығушылық танытатынын көрсетті.

Мектептің кәсіптік бағдар беру кабинетінде «Мамандықтар әлемі», «Болашаққа бағдар», «Кәсіп таңдау – жауапты қадам», «Жоғары оқу орындарына жол» тақырыптарында ақпараттық стендтер безендіріліп, жыл бойы жаңартылып отырды. Оқушылар үшін кәсіптер туралы буклеттер, жадынамалар, ақпараттық парақшалар дайындалды.

Оқу жылы ішінде кәсіптік бағдар беру бағытында көптеген іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда:

- «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында сынып сағаттары;
- «Мамандық таңдау – маңызды шешім» пікірталас алаңы;
- «Табысты тұлғаға апарар жол» атты дөңгелек үстел;
- «Мамандықтар жәрмеңкесі» кездесуі;
- жоғары және арнаулы оқу орындары өкілдерімен кездесулер;
- аудан кәсіпкерлерімен және түрлі сала мамандарымен сұхбат алаңдары;
- кәсіби сынама элементтері бар танымдық экскурсиялар.

9 және 11 сынып оқушылары үшін жоғары оқу орындары мен колледждердің өкілдерімен бірнеше кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында талапкерлерге гранттық оқыту, мамандықтар тізімі, қабылдау ережелері және еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат берілді.

Кәсіптік бағдар беру жұмысының маңызды бағыттарының бірі еңбек нарығымен таныстыру болды. Осы мақсатта оқушыларға өңірдегі сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпарат ұсынылып, еңбек адамының қоғамдағы рөлі түсіндірілді. Әртүрлі мамандық иелерімен өткізілген кездесулер барысында оқушылар мамандықтың ерекшеліктері, жұмыс жағдайлары және мансаптық өсу мүмкіндіктері туралы толық мәлімет алды.

11 сынып оқушыларымен ҰБТ-ға дайындық және болашақ мамандықты таңдау мәселелері бойынша жеке және топтық кеңестер өткізілді. Оқушыларға оқу орындарын таңдау, білім беру бағдарламаларын салыстыру және кәсіби жоспар құру бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Жыл қорытындысы бойынша кәсіптік бағдар беру жұмысы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына оң әсерін тигізді. Бітіруші сынып оқушыларының басым бөлігі болашақ мамандығын анықтап, оқу орындарын таңдауға бағыт алды.

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫС

2025–2026 оқу жылында ата-аналармен жұмыс мектептің тәрбие жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұйымдастырылды. Негізгі мақсат – отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру және балаларды тәрбиелеуде бірлескен жауапкершілікті қалыптастыру болды.

Оқу жылы бойы ата-аналармен жұмыс бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілді. Мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі білім алушылардың жан-жақты дамуына, олардың қауіпсіздігі мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталды.

Ата-аналармен жұмыстың негізгі формалары:

- жалпы мектептік ата-аналар жиналыстары;
- сыныптық ата-аналар жиналыстары;
- жеке кеңестер мен әңгімелесулер;
- тренингтер мен дөңгелек үстелдер;
- сауалнамалар мен мониторингтер;
- мектепішілік іс-шараларға қатыстыру.

Жыл ішінде әр тоқсан сайын сыныптық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Жиналыстарда оқу үлгерімі, тәртіп мәселелері, қауіпсіздік ережелері, құқық бұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі, кәсіптік бағдар беру және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелері қарастырылды. Мектеп әкімшілігі, педагог-психолог, әлеуметтік педагог және сынып жетекшілері ата-аналарға тұрақты түрде кеңес беріп отырды. Ата-аналар балалардың жас ерекшеліктері, психологиялық дамуы, қарым-қатынас мәдениеті және отбасы тәрбиесінің өзекті мәселелері бойынша ақпарат алды.

Жыл бойы ата-аналар мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысты. Олар мерекелік іс-шараларды ұйымдастыруға, спорттық жарыстарға, қайырымдылық акцияларына және тәрбиелік бағыттағы жобаларға атсалысты.

Ата-аналар комитетінің отырыстарында:

- білім сапасын арттыру;

- оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ыстық тамақпен қамту;
- мектептегі тәрбие жұмысы;
- жазғы демалысты ұйымдастыру мәселелері қарастырылды.

Мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту мақсатында әлеуметтік желілер, мессенджерлер және электронды байланыс құралдары тиімді пайдаланылды. Ата-аналарға мектеп өміріндегі жаңалықтар мен маңызды ақпараттар тұрақты түрде жеткізіліп отырды.

Оқу жылы барысында әлеуметтік осал санаттағы және қамқоршылықтағы балалардың отбасыларымен ерекше жұмыс жүргізілді. Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілері тұрмыстық жағдайларын бақылап, қажетті қолдау көрсету шараларын ұйымдастырды. Қамқоршылықтағы балалардың сабаққа қатысуы, бос уақытын тиімді өткізуі, үйірмелер мен спорт секцияларына қатысуы тұрақты бақылауда болды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың мектеп өміріне қатысу белсенділігі артты, мектеп пен отбасы арасындағы өзара сенім мен ынтымақтастық нығайды. Бұл өз кезегінде білім алушылардың тәрбиесі мен оқу жетістіктеріне оң ықпалын тигізді.

2025–2026 оқу жылында кәсіптік бағдар беру және ата-аналармен жүргізілген жұмыстар жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылып, қойылған мақсаттар мен міндеттер орындалды.

ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІ ЖҰМЫСЫ

2025–2026 оқу жылында «Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі» КММ жанындағы Қамқоршылық кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді және мектептің даму жоспарын басшылыққа ала отырып, өз жұмысын жүйелі түрде жүргізді.

Қамқоршылық кеңесінің құрамы аудандық білім бөлімінің бұйрығымен бекітілген 11 мүшеден құралды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Ботабай Қабыкен Болатұлы. Кеңес мүшелерінің құрамына ата-аналар қауымдастығының өкілдері, қоғамдық ұйым мүшелері, ауыл тұрғындары және мектеппен тығыз байланыста жұмыс істейтін азаматтар енді.

Оқу жылының басында Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітіліп, негізгі міндеттер мен басым бағыттар айқындалды. Кеңес жұмысы білім беру ұйымының ашықтығын қамтамасыз етуге, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, білім алушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік қорғалуына, оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыруға бағытталды.

Қамқоршылық кеңесінің 2025–2026 оқу жылындағы негізгі бағыттары

- білім беру үдерісінің сапасын арттыруға қолдау көрсету;
- мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіруге ықпал ету;
- әлеуметтік жағдайы төмен, көпбалалы және қамқоршылықтағы балаларға көмек көрсету;
- білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру;
- мектеп пен қоғам арасындағы байланысты нығайту;
- оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға және жазғы демалысын қамтуға ықпал ету;
- қайырымдылық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруға атсалысу.

Оқу жылы барысында Қамқоршылық кеңесінің отырыстары тоқсанына бір рет өткізіліп отырды. Қажеттілік туындаған жағдайда жоспардан тыс отырыстар ұйымдастырылды. Барлық отырыстардың хаттамалары жүргізіліп, қабылданған шешімдердің орындалуы тұрақты бақылауда болды.

Қаралған негізгі мәселелер:

- білім сапасын арттыру жолдары;
- оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- ыстық тамақтың ұйымдастырылуы;
- әлеуметтік қолдау шаралары;
- мектеп формасына қойылатын талаптар;
- қорытынды аттестаттау мен ұлттық емтихандарға дайындық;
- жазғы сауықтыру және еңбекпен қамту;
- мектептің жаңа оқу жылына дайындығы;
- құқық бұзушылықтың, буллингтің және кибербуллингтің алдын алу;

- балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.

Әлеуметтік қолдау жұмыстары

Қамқоршылық кеңесі әлеуметтік осал санаттағы оқушыларға қолдау көрсету бағытында белсенді жұмыс жүргізді. Жыл бойы «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мейірімді жүрек», «Жақсылық жаса» қайырымдылық акцияларына қатысып, демеушілер тарту арқылы аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға оқу құралдары, мектеп формасы және қажетті заттармен көмек көрсетілді.

Қамқоршылықтағы, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың оқу жағдайы, сабаққа қатысуы, үйірмелер мен секцияларға қамтылуы тұрақты бақылауға алынды. Кеңес мүшелері сынып жетекшілерімен, әлеуметтік педагогпен және педагог-психологпен бірлесіп жұмыс жүргізді.

Құқықтық тәрбие және профилактикалық жұмыстар

Оқу жылы ішінде оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен, учаскелік полиция инспекторымен және мектеп әкімшілігімен бірлескен кездесулер ұйымдастырылды.

Ата-аналармен өткізілген кездесулерде Қазақстан Республикасының заңнамалары түсіндіріліп, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері жөнінде ақпарат берілді. Атап айтқанда:

- кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз жүруіне қатысты талаптар;
- ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- интернет қауіпсіздігі;
- құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Педагог-психолог пен әлеуметтік педагог тәуекел тобындағы оқушылармен және олардың ата-аналарымен жеке жұмыстар жүргізіп, кеңестер берді.

Мектептің қоғамдық өміріне қатысу

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері оқу жылы ішінде өткізілген мектепшілік, аудандық және республикалық іс-шараларға белсенді қатысты.

2025 жылдың қазан айында Республика күніне арналған «Менің елім – Қазақстан» атты патриоттық іс-шара ұйымдастырылып, оқушылардың азаматтық жауапкершілігі мен отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар аясында оқушылар арасында патриоттық акциялар, сынып сағаттары, кездесулер мен танымдық бағдарламалар өткізілді.

Наурыз мерекесі, Қазақстан халқының бірлігі күні, Жеңіс күні, Соңғы қоңырау салтанаты сияқты мектептің маңызды іс-шараларына Қамқоршылық кеңесі мүшелері қатысып, ұйымдастырушылық қолдау көрсетті.

Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту

Қамқоршылық кеңесі мектептің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында демеушілер тарту мәселесіне ерекше назар аударды. Кеңес мүшелерінің қолдауымен мектеп аумағын абаттандыру, оқу кабинеттерін безендіру, қауіпсіздік шараларын күшейту және білім алушылар үшін қолайлы жағдай жасау бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді.

Жазғы кезеңде мектептің жаңа оқу жылына дайындығы бойынша ұйымдастырылған сенбіліктер мен жөндеу жұмыстарына кеңес мүшелері белсенді қатысты.

Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс

Қамқоршылық кеңесі мен жалпы мектептік ата-аналар комитетінің өзара ынтымақтастығы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әр сыныптағы ата-аналар комитеттері мектеп өміріне белсенді араласып, тәрбиелік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға қолдау көрсетті.

Ата-аналар жиналыстарында балалардың қауіпсіздігі, оқу үлгерімі, мектеп тәртібі, бос уақытты ұйымдастыру, кәсіптік бағдар беру және құқықтық сауаттылық мәселелері қарастырылды.

2025–2026 оқу жылында Қамқоршылық кеңесі мектеп әкімшілігімен, педагогикалық ұжыммен және ата-аналар қауымдастығымен тығыз байланыста жұмыс жүргізді. Кеңес қызметі білім беру сапасын арттыруға, мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға,

оқушылардың құқықтары мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, әлеуметтік қолдау жұмыстарын ұйымдастыруға және мектептің қоғамдық өмірін дамытуға бағытталды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мектеп пен қоғам арасындағы серіктестік нығайып, білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасалды. Қамқоршылық кеңесі алдағы уақытта да білім беру ұйымының дамуына белсенді үлес қосуды жалғастырады.

ЖББ қорынан көрсетілген көмек

	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы	2025-2026 оқу жылы
Жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінге қаражат	2 296 000	2 427 600	2 532 400
«Мектепке жол» акциясы	285000 теңге	325000 теңге	400000 теңге

ЖББ қорынан әр жыл сайын аз қамтылған, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, көпбалалы отбасы балаларына тегін көмек көрсетіліп отырды. «Мектепке жол» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады, аз қамтылған отбасы балаларына демеушілер тарапынан көмек көрсетіліп отырады, сонымен қатар, мектеп ұжымы және ата-аналар белсенді қатысады.

ЖББ қорынан көмек алған оқушылардың санаттары

жылдар	Оқушы саны	санаттары	1-4	5-9	10-11
2023-2024	56	Бала саны	21	30	5
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	0	0	0
2024-2025	46	Бала саны	20	22	4
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	2	0	1
2025-2026	43	Бала саны	20	19	4
		Жетім /ААҚҚ (ОБПР)	2	0	0

ЖЕТІМ ЖӘНЕ АТА-АНАСЫНЫҢ ҚАМҚОРЛЫҒЫНСЫЗ ҚАЛҒАН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫС

2025–2026 оқу жылында «Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі» КММ-де жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету, психологиялық саулығын қамтамасыз ету және жан-жақты дамуына жағдай жасау мақсатында жоспарлы жұмыстар жүргізілді.

Мектеп бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатында келесі білім алушылар тіркелді:

1. Төлеулинов Әділбек
2. Төлеулинов Рамазан
3. Төлеулинова Әсел (мектепалды даярлық сыныбы)

Аталған білім алушылар қамқоршы Ботабай Қабыкен Болатұлының отбасында тәрбиеленуде. Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуы мектеп әкімшілігінің, әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың және сынып жетекшілерінің тұрақты бақылауында болды.

Жұмыстың мақсаты

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік бейімделуіне қолайлы жағдай жасау, олардың білім алуына, тәрбиеленуіне және толыққанды дамуына жағдай туғызу.

Негізгі міндеттері

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды уақытылы анықтап, есепке алу;
- балалардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- психологиялық және әлеуметтік қолдау көрсету;

- білім алуына қажетті жағдай жасау;
- құқық бұзушылықтың, панасыздықтың және қараусыз қалудың алдын алу;
- қамқоршылармен тығыз байланыс орнату;
- отбасылық тәрбиені қолдау және нығайту;
- балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- әлеуметтік көмек түрлерімен толық қамтылуын қамтамасыз ету.

Әлеуметтік қолдау жұмыстары

Оқу жылы ішінде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушыларға әлеуметтік көмек көрсету бағытында жүйелі жұмыстар атқарылды.

Барлық оқушылар:

- тегін ыстық тамақпен толық қамтылды;
- мектеп кітапханасынан оқулықтармен қамтамасыз етілді;
- Жалпыға бірдей міндетті білім беру қоры есебінен қажетті оқу құралдарымен қамтылды;
- қысқы және маусымдық киімдермен, аяқ киімдермен қамтамасыз етілді;
- спорттық киімдер мен мектеп формасын алуға қолдау көрсетілді;
- мерекелік іс-шаралар барысында сыйлықтар мен материалдық көмек алды.

«Мектепке жол», «Қамқорлық», «Жақсылық жаса», «Мейірімді жүрек» республикалық және мектепшілік қайырымдылық акциялары барысында балаларға қосымша әлеуметтік қолдау көрсетілді.

Білім алу жағдайын бақылау

Жыл бойы оқушылардың:

- сабаққа қатысуы;
- оқу үлгерімі;
- білім сапасы;
- тәртібі;
- қоғамдық жұмыстарға қатысуы;
- үйірмелер мен спорттық секцияларға қамтылуы тұрақты бақылауда болды.

Әр тоқсан сайын оқушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізіліп, нәтижелері қамқоршылармен талқыланды. Сынып жетекшілері тарапынан қосымша қолдау мен кеңестер ұйымдастырылып отырды.

Оқушылар мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысып, мерекелік іс-шараларда, спорттық жарыстарда, шығармашылық байқауларда өз қабілеттерін көрсетті.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу

Педагог-психолог тарапынан жетім және қамқорлықтағы балалардың психологиялық ахуалы тұрақты бақылауға алынды.

Жыл бойы:

- жеке кеңестер;
- психологиялық диагностика;
- бейімделу жұмыстарын жүргізу;
- тренингтер;
- түзету-дамыту сабақтары;
- сенім және қолдау әңгімелері өткізілді.

Психологиялық жұмыстардың негізгі мақсаты балалардың эмоционалдық тұрақтылығын сақтау, өзіне деген сенімділігін арттыру және құрдастарымен жағымды қарым-қатынас орнатуға ықпал ету болды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылар мектеп ұжымына жақсы бейімделіп, өздерін қауіпсіз әрі жайлы сезінетінін көрсетті.

Қамқоршылармен жұмыс

Қамқоршылармен жүйелі түрде түсіндіру және кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Атап айтқанда:

- балалардың құқықтарын қорғау мәселелері;
- отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері;
- жасөспірімдердің психологиялық дамуы;
- интернет қауіпсіздігі;

- құқықтық жауапкершілік;
- білім беру ұйымымен өзара байланыс мәселелері қарастырылды.

Әлеуметтік педагог пен сынып жетекшілері қамқоршы отбасына барып, балалардың тұрмыстық жағдайымен танысып отырды. Тексеру барысында балалардың өмір сүруіне, оқуына және демалуына қолайлы жағдай жасалғаны анықталды.

Құқықтық тәрбие жұмыстары

Жетім және қамқорлықтағы балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында құқықтық тақырыптағы сынып сағаттары, әңгімелер және кездесулер өткізілді.

Оқушыларға:

- бала құқықтары;
- қауіпсіз мінез-құлық ережелері;
- құқық бұзушылықтың алдын алу;
- интернеттегі қауіпсіздік;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу мәселелері түсіндірілді.

Бос уақытты ұйымдастыру

Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуіне ерекше көңіл бөлінді.

Жыл бойы олар:

- спорттық секцияларға;
- шығармашылық үйірмелерге;
- мәдени-көпшілік іс-шараларға;
- патриоттық және тәрбиелік жобаларға қатыстырылды.

Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру және демалыс шараларына қатысуы ұйымдастырылып, олардың қауіпсіздігі мен бос уақытын тиімді өткізуі бақылауда болды.

2025–2026 оқу жылында жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүргізілген жұмыстар жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды. Балалардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік қолдау көрсету, психологиялық сүйемелдеу және білім алуына жағдай жасау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Барлық білім алушылар тегін ыстық тамақпен, оқу құралдарымен және қажетті әлеуметтік көмектермен қамтамасыз етілді. Оқушылардың сабаққа қатысуы, үлгерімі, тәрбиесі және әлеуметтік бейімделуі тұрақты бақылауда болды.

Мектеп ұжымы, қамқоршылар және әлеуметтік-психологиялық қызметтің бірлескен жұмысының нәтижесінде балалардың жан-жақты дамуына, қауіпсіз әрі қолайлы ортада білім алуына барлық жағдай жасалды.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

2025–2026 оқу жылында оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ұсынымдарына сәйкес жүргізілді. Жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, олардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту негізгі міндеттердің бірі болды.

Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, педагог-ұйымдастырушы, сынып жетекшілері және қамқоршылық кеңес мүшелері бірлесе отырып, жазғы демалыспен барлық білім алушыларды қамту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізді.

Жазғы кезеңге арналған жоспар алдын ала әзірленіп, оқушылардың әлеуметтік мәртебесі, қызығушылықтары және қажеттіліктері ескерілді. Әсіресе аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға ерекше көңіл бөлінді.

Оқу жылының соңында барлық сыныптар бойынша сауалнама жүргізіліп, балалардың жазғы демалыс түрлері нақтыланды. Нәтижесінде мектеп оқушыларының 100 пайызы жазғы демалыстың түрлі формаларымен қамтылды.

Республикалық және облыстық демалыс орындарына жолдау

Жыл сайынғы дәстүр бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен ұйымдастырылған сауықтыру және экскурсиялық бағдарламаларға мектеп оқушылары қатысты.

Жазғы демалыс орындарына халықаралық, республикалық, облыстық пәндік олимпиадалардың, ғылыми жобалар конкурстарының, шығармашылық байқаулардың және спорттық жарыстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері жіберілді.

Сонымен қатар:

- аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар;
- көпбалалы отбасылардың балалары;
- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқан білім алушылар қамтылды.

Балалар еліміздің мәдени-тарихи орындарымен танысып, туған жер тарихын зерттеуге, патриоттық тәрбие алуға және жаңа достар табуға мүмкіндік алды.

Мектеп жанындағы «Zhaltyr Camp» жазғы лагері

2025–2026 оқу жылында мектеп жанынан ұйымдастырылған «Zhaltyr Camp» жазғы сауықтыру лагерінің жұмысы жоғары деңгейде өткізілді.

Лагерь бағдарламасы келесі бағыттарды қамтыды:

- спорттық жарыстар;
- ұлттық ойындар;
- шығармашылық байқаулар;
- интеллектуалдық ойындар;
- экскурсиялар;
- патриоттық және экологиялық акциялар;
- қауіпсіздік сабақтары;
- мәдени-көпшілік іс-шаралар.

Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында әр күн арнайы тақырыппен жоспарланып, қызықты бағдарламалар өткізілді.

Ауыл сыртындағы сауықтыру лагері

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалуға мұқтаж балалар жалпыға бірдей міндетті білім беру қорының қаражаты есебінен ауыл сыртындағы сауықтыру лагерлеріне жіберілді.

Демалыс барысында балалар:

- таза ауада тынығып;
- спорттық шараларға қатысып;
- денсаулықтарын нығайтып;
- шығармашылық қабілеттерін дамытты.

Лагерьде балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау мәселелері ерекше бақылауда болды.

Әлеуметтік қолдау жұмыстары

Жазғы демалыс кезеңінде әлеуметтік осал санаттағы балаларды сауықтыру жұмыстарымен қамтуға ерекше көңіл бөлінді.

Атап айтқанда:

- аз қамтылған отбасы балалары;
- көпбалалы отбасы балалары;
- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар жазғы демалыс бағдарламаларына тегін қатысты.

Барлық балалар қажетті құжаттармен уақытылы қамтамасыз етіліп, лагерьлерге жолдамалар берілді.

Жазғы демалыспен қамтылу көрсеткіштері

Демалыс түрі	2023–2024	2024–2025	2025–2026
«Жас дәурен» республикалық лагері	11	13	15
Мектеп жанындағы «Zhaltyr Camp» лагері	57	53	25
Ауыл сыртындағы «Ақжелкен» лагері	15	14	17
Жалпы демалыспен қамтылған балалар саны	144	142	122
Қамтылу пайызы	100%	100%	100%

2025–2026 оқу жылында оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстары жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды. Жазғы сауықтыру шараларымен барлық білім

алушылар қамтылып, олардың қауіпсіздігі, денсаулығы және бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселелері тұрақты бақылауда болды.

Жазғы лагерьлер жұмысы балалардың денсаулығын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, патриоттық тәрбие беруге және әлеуметтік бейімделуіне оң ықпал етті. Әлеуметтік осал санаттағы оқушылардың демалысын ұйымдастыру бойынша жұмыстар нәтижелі жүргізіліп, барлық қажетті қолдау көрсетілді.

Жалпы алғанда, 2025–2026 оқу жылындағы жазғы демалысты ұйымдастыру жұмысы жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылардың 100 пайызын қамту көрсеткіші сақталды.

МЕКТЕПТІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ МЕН «ЖАС ҰЛАН» БІРЫҢҒАЙ БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

2025–2026 оқу жылында мектептегі өзін-өзі басқару ұйымы мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар және жасөспірімдер ұйымының жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуға, азаматтық белсенділігін арттыруға, шығармашылық және әлеуметтік бастамаларын қолдауға бағытталды.

Жұмыстың негізгі мақсаты – оқушылардың өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыру, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік жасау, жауапкершілік пен бастамашылдық қасиеттерін дамыту, елжанды, білімді және бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу болды.

Негізгі міндеттері

- білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- мектеп өміріне оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету;
- көшбасшылық қабілеттерді дамыту;
- оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру;
- еріктілік қызметін дамыту;
- патриоттық тәрбиені нығайту;
- құқықтық мәдениетті қалыптастыру;
- экологиялық мәдениет пен еңбекке баулу жұмыстарын жетілдіру;
- оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Оқу жылының басында мектептің өзін-өзі басқару ұйымының және «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, нормативтік-құқықтық құжаттар жаңартылды.

Мектепте төмендегідей құжаттар әзірленіп, жұмыс барысында басшылыққа алынды:

- «Жас Ұлан» ұйымының жұмыс ережесі;
- Мектеп Парламенті туралы ереже;
- Парламент мүшелерін сайлау туралы ереже;
- Фракциялар қызметін ұйымдастыру туралы ереже;
- Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспары.

Мектеп Президентін сайлау

2025–2026 оқу жылының басында мектеп Президентін сайлау науқаны ұйымдастырылды. Сайлау ашықтық, әділдік және демократиялық қағидаттар негізінде өткізілді.

Президенттікке үміткерлер өздерінің сайлауалды бағдарламаларын ұсынып, мектеп өмірін жақсартуға бағытталған бастамаларымен бөлісті. Сайлау қорытындысы бойынша мектеп оқушыларының дауыс беруі арқылы жаңа Президент сайланып, мектеп парламентінің құрамы бекітілді.

Бұл шара оқушылардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға және демократиялық құндылықтарды меңгеруіне ықпал етті.

«Жас Ұлан» ұйымының жұмысы

«Жас Ұлан» ұйымы оқушылардың патриоттық тәрбиесін қалыптастыруға, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізді.

Жыл бойында:

- «Жас Ұлан» қатарына қабылдау рәсімі;
- Республика күніне арналған патриоттық акциялар;
- Тәуелсіздік күніне арналған іс-шаралар;
- «Менің Қазақстаным» тақырыбындағы шығармашылық байқаулар;

- мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары;
- ұлттық құндылықтарды дәріптеу шаралары өткізілді.

Ұйым мүшелері мектептің барлық қоғамдық іс-шараларына белсенді қатысып, олардың ұйымдастырылуына үлес қосты.

Еріктілік және қайырымдылық қызметі

«Қамқорлық» фракциясы жыл бойы еріктілік жұмыстарын ұйымдастырды.

Өткізілген іс-шаралар:

- «Мектепке жол» республикалық акциясы;
- «Қамқорлық» қайырымдылық акциясы;
- ардагерлерге көмек көрсету;
- қарттарға қамқорлық көрсету;
- экологиялық сенбіліктер;
- қайырымдылық жәрмеңкелері.

Бұл жұмыстар оқушылардың мейірімділік, жауапкершілік және азаматтық белсенділік қасиеттерін дамытуға ықпал етті.

Ақпараттық жұмыс

Ақпарат және медиа фракциясы мектеп өміріндегі барлық маңызды оқиғаларды жариялап отырды.

Жыл бойы:

- мектептің әлеуметтік желілерінде ақпараттар жарияланды;
- бейнероликтер мен фотоматериалдар әзірленді;
- мерекелік құттықтаулар ұйымдастырылды;
- мектеп жаңалықтары тұрақты түрде жарияланып отырды.

Спорт және салауатты өмір салты

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы оқушылар арасында дене белсенділігін арттыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізді.

Атап айтқанда:

- спорттық жарыстар;
- шағын футбол турнирлері;
- ұлттық спорт ойындары;
- денсаулық күндері;
- таңғы жаттығулар акциялары ұйымдастырылды.

Нәтижесінде оқушылардың спортқа деген қызығушылығы артты.

Экологиялық бағыттағы жұмыстар

Экология және еңбек фракциясы қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыру мақсатында бірқатар жұмыстар жүргізді.

Өткізілген шаралар:

- мектеп ауласын көгалдандыру;
- ағаш отырғызу акциялары;
- экологиялық сағаттар;
- сенбіліктер;
- қалдықтарды сұрыптау бойынша түсіндіру жұмыстары.

Оқушылар қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мәдениетін қалыптастыруға үлес қосты.

Зияткерлік және пікірсайыс қызметі

Дебат және зияткерлік қозғалыс фракциясы пікірсайыс турнирлерін, зияткерлік ойындарды және түрлі тақырыптағы кездесулерді ұйымдастырды.

Оқушылар қоғамдық мәселелер бойынша өз пікірлерін білдіріп, сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды.

2025–2026 оқу жылында мектептің өзін-өзі басқару ұйымы мен «Жас Ұлан» бірыңғай балалар және жасөспірімдер ұйымының жұмысы жоспарға сәйкес толық көлемде жүзеге асырылды.

Жыл бойында оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытуға, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, шығармашылық әлеуетін ашуға және қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүйелі жүргізілді.

Оқушылар мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысып, аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі іс-шараларда мектеп намысын абыроймен қорғады. Өзін-өзі басқару ұйымы мен «Жас Ұлан» ұйымының қызметі білім алушылардың тұлғалық дамуына, патриоттық тәрбиесіне және әлеуметтік белсенділігінің артуына оң ықпал етті.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде мектепте демократиялық құндылықтарды құрметтейтін, жауапкершілігі жоғары, бастамашыл және белсенді оқушылар ортасы қалыптасты.

12.1 Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру іске асырылды.

Мектепте қосымша білім беру келесі кезеңдерді жүзеге асыру процесінде ұйымдастырылуы керек:

1. Білім алушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын зерттеу. Жазбаша тестілеу, білім алушылар мен ата-аналарға сауалдар қою, сауалнама жүргізу, бастауыш, орта және жоғары мектепті аяқтау кезеңінде балалардың білім сапасына мониторинг жүргізу арқылы деректер жинауға болады.

2. Білім алушыларды қызығушылығына қарай топтарға біріктіру, секциялар мен үйірмелер құру сауалнама нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Бұл кезеңде сыныптан тыс оқытудың негізгі бағыттарын ажыратып көрсету қажет. Іс-шараларды белгілі бір тақырып бойынша білімге мұқтаж әлеуетті қатысушылардың санына қарай жоспарлау қажет. Үйірмелер мен секциялардың сабақтарын ұйымдастыру түрлері мынадай талаптарға сай болуы тиіс: дамытушылық сипатқа ие болу, дәлірек айтсақ, білім алушылардың табиғи бейімділігі мен қызығушылықтарын дамытуға бағытталуы, мазмұны мен жүргізу сипаты бойынша әртүрлі болуы, әр түрлі қосымша әдістерге негізделуі. Жалпы білім беретін мектепте қосымша білім беру блогының жұмысы жылдық және басқа да жоспарлар, білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады.

«ЖОЛДА ЖҮРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ» МІНДЕТТІ ОҚУ КУРСЫН ІСКЕ АСЫРУ

2025–2026 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсына іске асыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің нұсқаулық-әдістемелік хаттарына сәйкес ұйымдастырылды. Курстың негізгі мақсаты – білім алушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру, көшелер мен жолдарда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын дамыту, балалардың қатысуымен болатын жол-көлік оқиғаларының алдын алу болып табылады.

Міндетті оқу курсы бастауыш сыныптарда оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды. 1–8 сыныптарда әр сыныпқа жыл көлемінде 6 сағат бөлініп, тақырыптар сынып сағаттары аясында және сыныптан тыс жұмыстар барысында өткізілді.

Оқу жылының басында барлық сыныптар бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар әзірленіп, мектеп басшысымен бекітілді. Курстың тақырыптары сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарларына енгізіліп, белгіленген мерзімдерде толық көлемде өткізілді.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша өткізілген сабақтар барысында оқушыларға:

- жол қозғалысының негізгі ережелері;
- жаяу жүргіншілердің міндеттері;
- бағдаршам белгілерінің қызметі;
- жол белгілерінің түрлері мен маңызы;
- қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелері;
- велосипед және самокат пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары;
- теміржол өткелдеріндегі қауіпсіздік шаралары;
- көшеде және жол бойында қауіпсіз мінез-құлық дағдылары түсіндірілді.

Сабақтар барысында түрлі әдіс-тәсілдер қолданылды:

- түсіндіру жұмыстары;
- бейнероликтер көрсету;
- сұрақ-жауап ұйымдастыру;
- танымдық ойындар;
- практикалық тапсырмалар;
- жағдаяттық жаттығулар;
- сурет байқаулары;
- қауіпсіздік минуттары.

Жол қозғалысы қауіпсіздігін насихаттау мақсатында мектепте «Қауіпсіз жол», «Бағдаршам – біздің досымыз», «Жас жаяу жүргінші», «Жол ережесін білейік!» тақырыптарында тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.

Бастауыш сынып оқушылары арасында жол белгілерін тану, жолда қауіпсіз жүру мәдениетін қалыптастыру және қауіпсіздік талаптарын сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Оқу жылы ішінде сынып жетекшілері тарапынан оқушылардың жолда жүру ережелерін сақтау деңгейіне мониторинг жүргізіліп отырды. Әсіресе мектепке келу және қайту кезіндегі қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілері және ата-аналар бірлесіп, балалардың жол қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізді. Ата-аналар жиналыстарында жол-көлік оқиғаларының алдын алу мәселелері қарастырылып, ата-аналарға тиісті ұсынымдар берілді.

Міндетті оқу курсының жүргізілуі мен тақырыптардың орындалуы «Kundelik.kz» электрондық журналында уақытылы тіркеліп отырды. Сабақтардың өткізілу сапасы мектеп әкімшілігі тарапынан бақылауға алынып, қажетті әдістемелік көмек көрсетілді.

Жыл қорытындысы бойынша 1–8 сынып оқушылары жол қозғалысы ережелері жөніндегі негізгі білімді меңгеріп, көшеде, жолда және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріп-тұру дағдыларын қалыптастырды. Өткізілген жұмыстар білім алушылар арасында жол-көлік жарақатының алдын алуға және қауіпсіздік мәдениетін арттыруға оң әсерін тигізді.

2025–2026 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы оқу бағдарламасына сәйкес толық көлемде іске асырылды. Барлық жоспарланған тақырыптар уақытылы өткізілді, құжаттамалар талапқа сай рәсімделді, ал жүргізілген жұмыстар оқушылардың жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша білімдерін жетілдіруге және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жолда жүру ережелерін оқыту жұмысы келесі оқу жылында да жүйелі түрде жалғастырылатын болады.

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАРДЫҢ 11-ҚОСЫМШАСЫНА СӘЙКЕС САНИТАРИЯЛЫҚ ҚАҒИДАЛАР МЕН НОРМАЛАРҒА СӘЙКЕС ТАМАҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІНІҢ БОЛУЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

«Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі» КММ-де білім алушыларды сапалы және қауіпсіз тамақтандыруды ұйымдастыру мәселесі мектеп әкімшілігінің, әлеуметтік педагогтың, медициналық қызметкердің және тамақтану сапасына мониторинг жүргізу комиссиясының тұрақты бақылауында болды.

Оқу жылы барысында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту Қазақстан Республикасы заңнамаларына, санитариялық қағидалар мен нормаларға, сондай-ақ оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылды.

Мектептің негізгі міндеттері:

- әлеуметтік осал санаттағы білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың дұрыс және теңгерімді тамақтануын ұйымдастыру;
- санитариялық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
- мектеп асханасының материалдық-техникалық базасын жетілдіру;
- дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру;
- ата-аналар арасында дұрыс тамақтануды насихаттау;
- тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізу.

Тамақтандыру объектісі туралы мәліметтер

Көрсеткіш	Мәлімет
Білім беру ұйымының атауы	«Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі» КММ
Мекенжайы	Павлодар облысы, Май ауданы, Жалтыр ауылы, Ы.Алтынсарин көшесі, 15/1
Тамақтандыру объектісі	Мектеп асханасы

Асхана сыйымдылығы	50 орын
Тамақтану ауысымы	2 ауысым
Асхана қызметкерлері	3 адам
Оның ішінде	1 аспазшы, 1 ас үй қызметкері, 1 жалға алушы
Асхана қызметін көрсетуші	ЖК «Жарқын»
Жеке кәсіпкер	Кабдашкурова Рымжан Жарылғапқызы
Санитариялық қорытынды	Қолданыстағы санитариялық талаптарға сәйкес
Мемлекеттік тіркеу құжаты	№ S.10.H.KZ78VWF00116124, 08.11.2023 ж.

Мектеп асханасы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға толық сәйкес келеді және оқушыларды сапалы тамақтандыру үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген.

Тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстары

2025–2026 оқу жылында білім алушыларды тегін тамақтандыру жұмыстары Қазақстан Республикасы Үкіметінің әлеуметтік қолдау көрсетуге қатысты нормативтік құжаттарына сәйкес ұйымдастырылды.

Тегін ыстық тамақпен келесі санаттағы білім алушылар қамтылды:

- атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балалары;
- аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар;
- көпбалалы отбасылардың балалары;
- жетім балалар;
- ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;
- ерекше әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушылар.

Құжаттарды қабылдау мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүргізіліп, барлық өтініштер заңнама талаптарына сай қаралды.

Соңғы үш оқу жылындағы салыстырмалы көрсеткіштер

Көрсеткіш	2023–2024	2024–2025	2025–2026
Жалпыға бірдей білім беру қорымен қамтылған оқушылар саны	56	53	43
1–4 сыныптардағы тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны	31	31	28
Жалпы тегін тамақпен қамтылған оқушылар саны	87	84	71
Ата-аналар демеушілігімен ыстық тамақтанатын оқушылар саны	66	58	51

Көрсеткіштерді салыстыру нәтижесінде соңғы жылдары әлеуметтік қолдау шаралары тұрақты түрде жүзеге асырылып отырғаны байқалады. Оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтылу деңгейі жыл сайын сақталып келеді.

Тамақтану сапасын бақылау

Мектепте тамақтану сапасының мониторингі жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс атқарады. Комиссия қызметінің негізгі бағыттары:

- дайын тағамдардың сапасын бақылау;
- ас мәзірінің сақталуын тексеру;
- тағамдардың шығу нормаларын бақылау;
- санитариялық талаптардың орындалуын қадағалау;
- азық-түлік өнімдерінің сапасын тексеру;
- асхана қызметкерлерінің санитариялық кітапшаларының болуын бақылау.

Асханада екі апталық перспективалық мәзір бекітіліп, күн сайын соған сәйкес тағамдар дайындалды.

Дайын тағамдардың сапасы күнделікті бракераж комиссиясы арқылы тексеріліп отырды.

Әлеуметтік педагогтың жұмысы

2025–2026 оқу жылында әлеуметтік педагог әлеуметтік осал санаттағы балаларды анықтау, есепке алу және тегін ыстық тамақпен қамту жұмыстарын үйлестірді.

Жыл бойы:

- әлеуметтік мәртебесі бар оқушылардың дерекқоры жаңартылды;
- қажетті құжаттар жинақталды;
- ата-аналарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді;
- тегін тамақпен қамтылу мониторингі жүргізілді;
- қамтылмаған оқушыларды анықтау бойынша жұмыстар атқарылды.

Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілері және ата-аналар арасында тұрақты байланыс орнатылып, оқушылардың әлеуметтік қорғалу деңгейі бақылауда болды.

2025–2026 оқу жылында мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Әлеуметтік осал санаттағы барлық білім алушылар тегін ыстық тамақпен қамтылып, олардың дұрыс және сапалы тамақтануына қажетті жағдайлар жасалды.

Мектеп асханасы санитариялық қағидалар мен нормалар талаптарына толық сәйкес келеді. Тамақтану сапасын бақылау жүйелі түрде жүргізіліп, білім алушылардың денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған жұмыстар өз нәтижесін берді.

Жалпы алғанда, мектепте оқушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру жұмысы қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына толық сәйкес жүзеге асырылды.

Тәрбие бойынша оқушылардың жетістіктері туралы

Көрсеткіштер	2023–2024 оқу жылы	2024–2025 оқу жылы	2025–2026 оқу жылы
Аудандық деңгей	4 жетістік	8 жетістік	7 жетістік
Облыстық деңгей	3 жетістік	3 жетістік	6 жетістік
Республикалық деңгей	Қатысу жоқ	Қатысу жоқ	Қатысу жоқ
Халықаралық деңгей	Қатысу жоқ	Қатысу жоқ	Қатысу жоқ
Жалпы нәтиже	7 жетістік	11 жетістік	13 жетістік
Бас жүлде	–	–	2
I орын	1	4	4
II орын	1	5	4
III орын	2	1	6
Алғыс хат/қатысушы	3	2	–

Оқу жылдары бойынша нәтижелердің динамикасы

Деңгей	2023–2024	2024–2025	2025–2026	Өсу динамикасы
Аудандық	4	8	7	+75%
Облыстық	3	3	6	+100%
Республикалық	0	0	0	Тұрақты
Халықаралық	0	0	0	Тұрақты
Жалпы жетістіктер	7	11	13	+85,7%

Мектеп оқушыларының әртүрлі деңгейдегі шығармашылық, интеллектуалдық және спорттық сайыстарға қатысуының тиімділігі (соңғы үш жыл бойынша)

Оқу жылы	Аудандық деңгейдегі жетістіктер	Облыстық деңгейдегі жетістіктер
2023–2024 оқу жылы	• «Шебер қолдар» суреттер мен қолдан жасалған бұйымдар байқауы – Амангелді Амирхан (I орын) • «Шебер қолдар» байқауы – Амангельдинова Айлин (II орын) • Аудандық пікірсайыс турнирі – «Самұрық» командасы (III орын) • Шоң би оқулары – Аязбаева Аружан (III орын) • Назымбек Айнара, Хуттымбетов Ерасыл (Алғыс хат)	• «Шұбар доп» облыстық қыздар арасындағы волейбол жарысы – мектеп командасы (I орын) • Әскери-патриоттық ойын – аудан құрама командасы (II орын) • «Батыл жүрек» әскери-патриоттық ән фестивалі – мектеп оқушылары (Алғыс хат)
2024–2025 оқу жылы	• «Ұлттық мектеп лигасы» («Асық ату») – мектеп командасы (I орын) • «Book Slam» жобасы – 7–8 сынып оқушылары (II орын) • «Жас құтқарушы – 2025» – «Zhaltyr Light» командасы (II орын) •	• «Жаңажылдық оқиға» Scratch анимация байқауы – Озеруга София (II орын) • Жас жол инспекторларының облыстық слеті – «Zhaltyr Light» командасы (Алғыс хат), Бақауов Нұрсат («Ең жас

	«Менің әкем – жұмысшы» эссе байқауы – Бейбіт Іңкәр (I орын) • «Мен болашақ жауынгермін» – мектеп командасы (II орын) • «Үздік оқырман» байқауы – Ермек Мұхаммед-Али (II орын), Сейлғазы Нұрасыл (II орын), Үйренқызы Айнұр (II орын) • «Заң және тәртіп» суреттер конкурсы – Серікбек Нәдина (I орын) • «Жол қозғалысының сақшылары» слеті – мектеп командасы (I орын)	қатысушы)) • «Ұлы Жеңіс» V қашықтық байқауы – Базаралиева Айсана (III орын)
2025–2026 оқу жылы	• Ұлттық мектеп лигасы (қыздар футболы) – мектеп командасы (I орын) • «Бақытты балалық шақ» сурет байқауы – Бейбітова Айару (Бас жүлде) • «Жемқорлықсыз бақытты балалық шақ» эссе байқауы – Самарқан Айзура (I орын), Камит Зере (III орын) • Аудандық пікірсайыс турнирі – « Жас қыран » командасы (II орын), Камит Зере , Самарқан Айзура • «Эко Әлем» бейнеролик байқауы – Камит Зере (Бас жүлде) • «Nauryz Fest» – Зарлыкова Арай (II орын), Нағымжан Маржан (III орын) • «Алғысым шексіз сіздерге» сурет байқауы – Базаралиева Айсана (I орын), Бейбітова Айару (III орын)	• «Ел тарихы – ту тарихы» зияткерлік байқауы – « Жас Қыран » командасы (III орын) • «Кәсіптер марафоны» – Амангелді Ерасыл (III орын), Қуан Нұрасыл (III орын), Назымбек Айнара (III орын) • «Отбасы – бұл біз» – Ботабайлар отбасы (Бас жүлде) • «Тарихқа тағзым» – Смағұл Мәди , Темірболат Санжар (II орын) • «Мамандықтар әлемін ашамыз» – Бейбітова Айару (III орын), Темірболат Санжар (III орын) • «Abai and Me» reels-конкурсы – мектеп оқушылары (II орын)

Үш жылдық қорытынды көрсеткіш

Оқу жылы	Аудандық деңгей	Облыстық деңгей	Жалпы жетістік саны
2023–2024	4	3	7
2024–2025	8	3	11
2025–2026	7	6	13

Қорытынды: Соңғы үш жылда оқушылардың аудандық және облыстық деңгейдегі байқаулар мен жарыстарға қатысу белсенділігі тұрақты өсіп келеді. Әсіресе 2025–2026 оқу жылында облыстық деңгейдегі жетістіктер саны екі есеге артып, мектептің шығармашылық, интеллектуалдық және спорттық бағыттағы жұмысының нәтижелілігін көрсетті.

Аудандық спорт жарыстары бойынша нәтижелер

№	Секция	Орындар		
		2023-2024	2024-2025	2025-2026
1	Баскетбол 7-8-сынып (қыздар)			II орын
2	Кросс		III орын	
3	Мылтық ату			
4	Шахмат	I орын	III орын	
5	Тоғызқумалақ		III орын	II орын
6	Волейбол 7-8 сыныптар (қыздар)	II орын	I, II орын	I орын
7	Волейбол - ұлдар	III орын	I орын	
8	Үстел теннисі	I, III орын		
9	Футбол 7-8 сыныптар (қыздар)		III орын	I орын
10	Асық ату, бес тас	III орын	II, III орын	II орын
11	Волейбол 5-6 сыныптар (қыздар)			II орын

Оқушылардың спорттық жарыстарға қатысу нәтижелері

№	Жарыс тауы	Оқушылардың аты-жөні	Орны	Жылы	Жетекші	Ескертпе
1	«Ұлттық мектеп лигасы» аясында ұйымдастырылған Волейбол ойынынан	Командалық	III орын	2022 жыл	Р.К.Ахметов	5-6-сынып

2	Асық ату мектеп лигасы	Бақауов Нурсат	III орын	2022 жыл	Р.А.Бақауов	9 – сынып 8 – сынып 7 – сынып
		Дастенов Өмірболат				
		Амангелді Айсұлтан				
3	Волейболдан облыстық гимназияда (қыздар)	Командалық	I орын	2023 жыл	Р.А.Бақауов	5-6-сынып
4	Волейболдан облыстық (қыздар)	Командалық	III орын	2025 жыл	Р.А.Бақауов	7 – 9 – сынып
5	Волейболдан облыстық (ұлдар)	Командалық	II орын	2024 жыл	Р.К.Ахметов	7 – 8 – сынып
6	«Ұлттық мектеп лигасы» аясында ұйымдастырылған Волейбол ойынынан	Командалық	II орын	2025 жыл	Р.К.Ахметов	5-6-сынып 7-8-сынып
7	Асық ату мектеп лигасы	Бақауов Нурсат	II орын	2026 жыл	Р.А.Бақауов	7-сынып
		Дастенов Өмірболат				8-сынып
		Қуан Нұргелді				8-сынып

Қорытынды

Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлер мен мәдени мұраны зерделеуге, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталды. Тәрбие жұмысы білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, зияткерлік, көркемдік-эстетикалық, еңбек, экологиялық және дене тәрбиесін қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің түрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылды.

2023–2024, 2024–2025 және 2025–2026 оқу жылдарына арналған тәрбие жұмысының жоспарлары әзірленіп, белгіленген тәртіппен бекітілді. Жоспарға сәйкес барлық тәрбие бағыттары бойынша сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, пікірталастар, кездесулер, тәрбиелік акциялар, үйірме және спорт секцияларының жұмыстары, мәдени-көпшілік іс-шаралар, экскурсиялар мен саяхаттар жүйелі түрде ұйымдастырылып отырды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде білім алушылардың қоғамдық белсенділігі, азаматтық жауапкершілігі, патриоттық сана-сезімі, құқықтық мәдениеті, шығармашылық қабілеттері мен көшбасшылық қасиеттері дамыды. Оқушылар аудандық және облыстық деңгейдегі түрлі байқауларға, ғылыми жобаларға, шығармашылық және спорттық жарыстарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Соңғы үш жылдағы көрсеткіштер тәрбие жұмысының жүйелі ұйымдастырылғанын және оның тиімділігін дәлелдейді. Мектеп ұжымы ата-аналармен, қоғамдық ұйымдармен және әлеуметтік серіктестермен бірлесе отырып, білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау бағытындағы жұмыстарды табысты жүзеге асырып келеді.

Алдағы кезеңде тәрбие жұмысының негізгі міндеттері ретінде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру, оқушылардың әлеуметтік белсенділігін арттыру, отбасылық құндылықтарды нығайту, қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру, сондай-ақ дарынды және талантты балаларды қолдау жұмыстары жалғасын табатын болады. Жалпы, тәрбие жұмысының нәтижелері мектептің тәрбие жүйесінің тиімділігін көрсетіп, білім алушылардың үйлесімді дамуына оң ықпал еткенін айқындайды.

Мектептің психологиялық қызметі

Мектепте 1 бірлік мектеп психологі қызмет атқарады. Психолог Сламбекова Айгуль Муратовна, білімі жоғары, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» мамандығын 2020 жылы бітірді, 2022 жылы Павлодар педагогикалық университетінің «Педагогика және психология» мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының

магистр дәрежесін алды. Еңбек өтілі 5 жыл. 2022 жылы «Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету» 80 сағат, 2022 жылы «Заманауи жағдайда білім алушылардың кәсіптік бағдарлауын жүргізу үшін педагогтардың күзінеттілігін дамыту» 80 сағаттық біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Жетістіктері: 2022-2023 жылы «Жылдың үздік психологі» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде 1 дәрежелі дипломмен марапатталды. 2024-2025 оқу жылында «Дарынды оқушыға-талантты ұстаз» республикалық конкурсында грамотамен марапатталды.

Педагогикалық психологиялық қызметтің мақсаты: Жеке тұлғаның білім алуы мен дамуына әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және балаларға қолдау көрсету.

Педагогикалық психологиялық қызметтің міндеттері:

- Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету;
- Жеке тұлға ерекшелігін ескеріп, жан-жақты зерттеу;
- Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету;
- Мұғалімдер ұжымында психологиялық ахуалды қалыптастыру;
- Ата-аналар үшін психологиялық сауаттандыру жолдарын қарастыру.

Жұмыс жүргізу бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық түзету-дамыту
- Алдын алу және психологиялық ағарту
- Психологиялық кеңес беру
- Әдістемелік – ұйымдастыру жұмысы

Психологиялық қызмет бойынша директордың бекітуімен жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Мектептегі психологиялық қызметтің жұмыс бағыттарын ұстана отырып, оқушылармен, ата-аналармен, мұғалімдермен жылдық жоспар бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің диагностика бағыты бойынша:

1 сыныппен жүргізілген жұмыс:


Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 1-ші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің зерделеу жұмысы өтілді.

Мақсаты: Бейімделу кезеңінде төменгі сынып оқушыларының жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып 1-ші сыныптағы оқу үрдісін ұйымдастыру. Жалпы мектепте 1-ші сынып оқушылар саны – 10. Оның ішінде ұл бала – 3, қыз бала – 7.


1-сыныпта жалпы сынып оқушыларының мектепке, сыныпқа, мұғалімге, бір-біріне бейімделуі жақсы. Кейбір оқушылардың орнынан тұрып кететіндігі байқалады.

Өткізілген әдістемелердің нәтижесі :

- 1) Зерттеу тақырыбы: «Не артық?» әдістемесі. Мақсаты: Оқушылардың ойлау қабілетін анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 10. Зерттеу нәтижесі бойынша ойлау қабілеті жоғары оқушылар саны – 2 (20%), ойлау қабілеті орташа оқушылар саны – 6 (60%), Ойлау қабілеті төмен оқушылар саны – 1 (10%)



- 2) Зерттеу тақырыбы: «Не жетпейді?» әдістемесі. Мақсаты: Оқушылардың қабылдау ерекшеліктерін анықтау. Қатысқан оқушылар саны:10. Зерттеу нәтижесі бойынша қабылдау ерекшелігі жоғары оқушылар саны – 1 (10%), қабылдау ерекшелігі орташа оқушылар саны – 6 (60%), қабылдау ерекшелігі төмен оқушылар саны – 2 (20%)



- 3) Зерттеу тақырыбы: «Қолды-ұшпайды» әдістемесі. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 10 Әдістеме шарты: Сөздер қатары оқылады. Балалардың мақсаты ұшатын объектіні естіген кезде қолмен шапалақтауы қажет. Оқушылар айтылған сөздерге қол шапалақтап, орындарынан тұрып белсене қатысты. Көңіл-күйлері көтеріңкі болды.
- 4) Зерттеу тақырыбы: «10 сөзді жаттау» әдістемесі. Мақсаты: Оқушылардың сөздерді ырықты есте сақтау қабілеттерін анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 10. Шарты: оқушыларға 10 сөз үш рет оқылады. Оқушылар есте қалған сөздерін айтады. Оқушылардың ырықты есте сақтау қабілеті орташа деңгейде, 10 айтылған сөздің ішінде ең көбі 5 сөзге дейін айта алды.
- 5) Зерттеу тақырыбы: «Шатасқан сызықтар» әдістемесі. Мақсаты: Оқушылардың зейін тұрақтылығын анықтау. Қатысқан оқушылар саны: 10.Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың зейін тұрақтылығы орташа деңгейде.
- 6) Зерттеу тақырыбы: «Үйшік» әдістемесі.Мақсаты: Үлгі бойынша жұмыс істеуін бағалау.Қатысқан оқушылар саны: 10



- 7) Зерттеу тақырыбы: Мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау. Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға психологиялық даярлығы мен бейімділігін анықтау




5 сыныппен жүргізілген жұмыс:

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес 5-ші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің зерделеу жұмысы өтілді. **Мақсаты:** Оқушылардың орта буынға бейімделуін анықтау. Жалпы мектепте 5-ші сынып оқушылар саны – 13.


5-сыныптың орта буынға бейімделуі жақсы. Оқушылар әр сабақта белсенділік танытып, сабаққа қатысып отырады.

Өткізілген әдістемелердің нәтижесі :

- 1) Зерттеу тақырыбы: «Оқу мотивациясын анықтау» Н.Г.Лусканова. Қатысқан оқушылар саны: 13. Зерттеу нәтижесі бойынша оқушылардың оқуға деген мотивация деңгейі 3 оқушыда орташа, 10 оқушыда орташадан төмен.
- 2) Зерттеу тақырыбы: «Менің сыныбым» әдістемесі. Қатысқан оқушылар саны: 13.



- 3) Зерттеу тақырыбы: «Социометрия» әдістемесі. Мақсаты: Балалар ұжымындағы өзара қарым - қатынасты анықтау, алынған мәліметтерді оқу - тәрбие жұмыстарында қолдану, топ ішінде психологиялық қолайлы жағдай туғызу. Қатысқан оқушылар саны: 13. Зерттеу нәтижесі бойынша ең көп таңдау алған Саяжан, Балғаным; маңызды таңдау алғандар Б.Айсана, Камшат, оқшау қалған оқушы жоқ; Жалпы қыздар қыздарды, ұлдар ұлдарды таңдаған.
- 4) Зерттеу тақырыбы: «Қандай пән ұнайды?» әдістемесі. Қатысқан оқушылар саны: 13.



5-11 сынып оқушыларынан **Дэн Олвеустің буллинг сауалнамасы** алынды. Сауалнама нәтижесінде буллингке ұшыраған оқушы анықталмады.

10-11 сынып оқушыларынан **Д.Рассел мен М.Фергюсонның жалғыздықтың субъективті сезім деңгейін диагностикалау әдістемесі**. Мақсаты: Оқушылардың жалғыздық сезімінің деңгейін анықтау. Нәтижесінде оқушыларда төмен деңгейлі жалғыздық анықталды.

2-4, 5-11 сынып оқушыларынан «Өркен» әзірлеген зорлық-зомбылықты анықтау бойынша **«Сізге қалай қарайды» экспресс сауалнамасы** алынды. Мақсаты: Зорлық-зомбылықтың алдын алу. Нәтижесінде оқушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасы жақсы екені анықталды.

7-11 сынып оқушыларынан **Жасөспірімдердің әл-ауқатының шкаласы Кэрролл Рифф сауалнамасы** алынды. Мақсаты: Жасөспірімдердің психологиялық жай-күйін бағалау. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың әл-ауқатының деңгейі жоғары екені анықталды.

5-11 сынып оқушыларынан **К. Янг. «Интернетке тәуелділік шкаласын»** диагностикалау сауалнамасы алынды. Мақсаты: Оқушылардың интернетке тәуелділік деңгейін анықтау. Нәтижесінде оқушылар интернеттің тұрақты пайдаланушысы екені анықталды.

5-6 сынып оқушыларынан **Мазасыздықтың экспресс әдістемесі (Филлипс тестінің О.Хмельницкая жасаған модификациясы)** алынды. Мақсаты: Оқушылардың мазасыздық деңгейін бағалау. Нәтижесінде оқушылардың мазасыздық деңгейі төмен, орташа деңгейде екені анықталды.

7-11 сынып оқушыларынан **Өмірге төзімділік тесті (Д. Леонтьевтің бейімдеуіндегі С. Мадди тесті)** алынды. Мақсаты: Жасөспірімдердің өмірге төзімділігін анықтау. Нәтижесінде оқушылардың өмірге төзімділігі орташа және жоғары деңгейде екені анықталды.

9,11 сынып оқушыларынан **Кәсіптік қалауды анықтау сауалнамасы** алынды. Мақсаты: Оқушылардың қандай мамандыққа жақын екендігін анықтау. Нәтижесінде оқушылардың қай мамандыққа бейім екені анықталып, әр оқушыға жеке ақпарат берілді.

8-сынып оқушыларынан **Психикалық күйін өзін-өзі бағалау әдісі (Г.Айзенк) сауалнамасы** алынды. Мақсаты: Оқушылардың психикалық күйін мойындау немесе жоққа шығаруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қобалжу, фрустрация, агрессия және ригидтілік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде:

Қобалжу шкаласы: төмен – 1(10%), орташа - 7 (70%), жоғары – 2 (20%)

Фрустрация шкаласы: төмен – 0 (0%), орташа – 8 (80%), жоғары – 2 (20%)

Агрессия шкаласы: төмен – 2(20%) , орташа – 7 (70%), жоғары – 1 (10%)

Ригидтік шкаласы: төмен – 1(10%) , орташа – 8 (80%), жоғары – 1 (10%) анықталды.

2-4 сынып оқушыларынан танымдық қабілеттерін анықтау мақсатында диагностика жүргізілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жоспар бойынша диагностика жұмыстары жүргізілді.

5-9 сынып оқушыларынан **«Жалғыздық» сауалнамасы (С. Г. Корчагина)** алынды. Мақсаты: Жалғыздық деңгейін анықтау. Нәтижесінде оқушылардың жалғыздық деңгейі мүмкін болатын жалғыздықты таяз бастан өткеру деңгейі анықталды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің түзету бағыты бойынша:

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау мақсатында түрлі жаттығу, әңгімелесу жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен «Алақай, мен 5 - сыныпта оқимын!» тренингі өткізілді.

«ҰБТ-ға дайындық кезеңіндегі мектеп бітірушілерге арналған психологиялық-педагогикалық іс-шаралар» бағдарламасы негізінде ойын жаттығулары өткізілді.

Бастауыш сынып оқушыларымен түзету жұмыстары жүргізілді.

9-11 сынып оқушыларына кәсіпті таңдауына көмек көрсету мақсатында түрлі мамандықтар туралы ақпарат, талқылау жүргізілді.

1-11 сынып оқушыларына аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу бойынша ойын жаттығулары өткізілді.

1-11 сынып оқушыларына буллингті алдын алу бойынша ойын жаттығулары жүргізілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін МАД тәрбиеленушілері және оқушылармен жұмыс атқарылды.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша:

- «Досбол like» республикалық жобасын іске асыру
- Оқушылардың бойында зорлық – зомбылықты ассоциативті суреттер арқылы анықтау
- Күш көрсетуді алдын алу, жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстау
- Ата-аналарға арналған психологиялық-педагогикалық қолдау, ағарту жұмыстары.
- «Балалар мен ата-аналардың өзара қатынастары: байланыстың қалыптасуы және оны нығайту жолдары»
- -Балаңыздың мамандық таңдауына ықпал жасайсыз ба?
- Жыныстық зорлық зомбылықтың алдын алу шаралары

- Бастапқы буыннан ортаңғы модульге өту кезіндегі жеке қасиеттерді зерттеу
- Мұғалімдермен жұмыс
- Күйзелістің алдын-алу үшін алғашқы психологиялық көмек көрсету
- Оқушылармен емтихан алдындағы психологиялық дайындық жұмысы жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің кеңес беру бағыты бойынша:

Оқушылардың бейімделуін және танымдық сферасын дамыту мәселелері бойынша 1-сынып мұғалімдеріне, ата-аналарына кеңес беру.

Мұғалімдермен жұмыс.

Үлгерімі төмен оқушылардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне кеңес

Ерекше білім беруді қажет ететін МАД тәрбиеленушілерінің және оқушылардың ата-аналарына кеңес

ҰБТ-ға дайындық кезеңіндегі мектеп бітірушілерге арналған психологиялық-педагогикалық іс-шаралар»бағдарламасы негізінде кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Педагогикалық-психологиялық қызметтің ұйымдастыру-әдістемелік бағыты бойынша:

-Білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;

- Педагогика мен психологияның жетістіктерін, өзіндік жұмыстың, танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді меңгеру
 - ЕББҚ оқушылардың құжаттарын жинақтау
 - Бейімделу сыныптарының базасын жинау
 - Педагогикалық кеңес, директор жанындағы отырыстар, педагогикалық-психологиялық қолдау қызметінің отырыстары, мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу жұмыстары жүргізілді.

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық денсаулығын сақтау, орта білім беру ұйымдарында қолайлы әлеуметтік-психологиялық ахуал жасау және білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Міндеті:

- 1) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- 2) білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, олардың тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне психологиялық көмек көрсету;
- 3) әрбір білім алушыға, тәрбиеленушіге оның жеке басын психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде жеке көзқарас қалыптастыруға ықпал ету;
- 4) психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің шығармашылық әлеуетін дамыту;
- 5) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- 6) психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда ата-аналарға (занды өкілдерге) және педагогтерге консультациялық көмек көрсету;
- 7) Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Бағыт:

1. Диагностика
2. Түзету -дамыту жұмыстары.
3. Профилактикалық және психологиялық ағарту
4. Консультациялық жұмыстар
5. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар.
6. Талдау есебін беру.

I Психологиялық диагностика бағыты бойынша 1-11 сынып білім алушыларының танымдық қабілеттерін диагностикалау жұмысы жүргізіліп, берілген ұсыныстар мен кеңестер бойынша түзету, дамыту жұмыстары жүргізілді.

1,5 сынып білім алушыларының психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында түрлі диагностикалық жұмыстар жүргізілді. 1 сынып білім алушыларының мектепке бейімделу

деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында көру арқылы есте сақтау деңгейін, зейін процесінің даму деңгейін, мектеп мотивациясы, өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауға арналған әдістер мен жаттығулар жүргізілді. 5 сынып білім алушыларымен бейімделу деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар, таным қабілеттерін зерттеу, қобалжу, мазасыздық деңгейін, өзін – өзі бағалау деңгейін анықтау, темперамент формуласын анықтау диагностикасын зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бағдарламасы.(2022-2023,2023-2024,2024-2025)

Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу бойынша оқу жылының жұмыс жоспары құрылды.

Жоспарға сәйкес:

- Білім алушылардың дағдарыстық жағдайдың болу факторларының кестесі құрылды.
- Мектептің әлеуметтік картасы бекітілді.
- «Дағдарыстық жағдайдың болу факторларының кестесі» бойынша мониторинг (анықталған жағдайда)
- Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге кәметке толмағандардың ата-аналарының/заңды өкілдерінің келісімдері алынды. Бас тартқан ата-ана болған жоқ.
- Кәметке толмағандардың психикалық денсаулығының диагностикасы жүргізілді:

Методика «Лесенка» Щур В.Г. (1,4 сынып)

1. «Кактус» (1,4 сынып)
2. «Социометрия» (1,4-11 сынып)
3. «Мектепке қызығушылық деңгейі » Лусканова Н.Г.

(5-сынып)

4. «Жаңбыр астындағы адам»(6-7 сынып)
5. «Психикалық жай-күйін анықтау» Г.Айзенк (8-11 сынып)
6. Методика Л.Йовайши в модиф. Г. Резапкиной

(9,11 сынып)

- Балалармен және мұғалімдермен қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңес берілді.
- Оқушылармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас мәселелері бойынша кеңес берілді.
- Балалардағы суицидтік мінез-құлық белгілері және оларды анықтау жолдары, оқушылармен жанжалсыз қарым-қатынас жасау стратегиялары, дауларды шешудегі медиативті әдістер бойынша тәрбиелік іс-шаралар өткізілді.
- Қарым-қатынас дағдыларын дамытатын әлеуметтік-психологиялық тренингтер мен кәсіби шаршаудың алдын алу бойынша педагогтермен тренингтер өткізілді.
- Ата-аналармен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға арналған әлеуметтік-психологиялық тренингтер өткізілді.
- 8-11 сынып оқушылары «Өмірді сүйейік!» тақырыбында эссе жазды.
- 1,4-11 сыныптармен Психикалық сауықтыруға арналған профилактикалық тренингтер өткізілді.

II. Түзету дамыту жұмысы бойынша ата – аналармен, білім алушылармен топтық және жеке түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Түзету дамыту жұмыстары 1,5 сыныптарға жаңа ортаға бейімделу процесін жеңілдету мақсатында, 11 сынып білім алушыларымен ҰБТ-ке психологиялық дайындау, 9, 11 – сынып білім алушыларына мамандық таңдауда психологиялық қолдау жұмыстары, 8-10 сыныптар бойынша жеке тұлғалық түзету тренингтері, 5-7 сынып білім алушыларымен қарым қатынас дағдыларын дамыту, топтық ахуалды реттеу, өзіндік реттеу бағыттары бойынша тренингтер ұйымдастырылды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен түзету жұмыстары жүргізілді.

1-сынып оқушыларымен «Менің сүйікті ертегілерім» Әңгімелесу, «Бір-бірімізге жылы сөздер айтайық» (Сөйлеу), «Кім екенін тауып көр» жаттығуы жұмыстары жүргізілді.

2-4 сынып оқушыларымен ойын, жаттығулар жүргізілді.

5-сынып оқушыларымен жоғары сыныпқа бейімделу мақсатында «Алақай мен 5 сыныпта оқимын»тренингі, «Бір-бірімізге жылы сөздер жасырайық»,«Мимика, жест арқылы сөздерді көрсету»,«Қандай пән ұнайды?»,«Кірпі ертегісі» тақырыптарында тренинг, жаттығулар жүргізілді.

5-7 сынып оқушыларымен «Сенім менің серігім», «Өмір неткен тамаша» тақырыбында тренинг өткізілді.

5-8 сынып оқушыларымен Өз-өзіне сенімділікті арттыру тренингі өткізілді.

6-7 сынып оқушыларымен «Өмір құндылығы» тақырыбында тренинг өткізілді.

8-11 сынып оқушыларымен «Түстердің адам көңіл-күйіне әсері» тақырыбында тренинг өткізілді.

9-11 сынып оқушыларымен «Мен таңдаған жол», «Қарым-қатынас және тыңдай білу» тақырыбында тренинг өткізілді.

III. Профилактикалық және психологиялық ағарту бойынша буллинг және кибербуллинг алдын алу, зорлық-зомбылық пен қорқытып алушылықтың алдын алу, суицидтің алдын алу, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, жас мамандармен жұмыс, педагогтар және ата-аналармен жұмыс жүргізілді.

Буллинг және кибербуллинг алдын алу мақсатында

1-11 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг, әлеуметтік желілерде қудалау» бойынша ақпараттық түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді.

1-4 сынып оқушыларымен «Біз үрейден құтыла аламыз ба?» ойын жаттығуы өткізілді.

5-9 сынып оқушыларымен «Ғаламтордың балаларға әсері» танымдық сабағы өткізілді.

5-9 сынып оқушыларымен «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік» танымдық сабағы өткізілді.

1-11 сынып оқушыларына «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбында ақпараттық және жағдаяттық бейнероликтер көрсетілді.

1-9 сынып оқушыларымен Буллинг және кибербуллингтің алдын алу бойынша ойын жаттығулар өткізілді.

Ата-аналарға «Баланы жәбірлеу. Мектептегі буллинг. Баланың қысым көргенін қайдан байқауға болады?» тақырыбында ақпарат берілді.

Зорлық-зомбылық пен қорқытып алушылықтың алдын алу мақсатында

«Зорлық-зомбылық мәселесі» бойынша ата-аналарға ақпарат берілді.

1-11 сынып оқушыларын «Зорлық-зомбылық мәселесі» бойынша ақпараттандырылды.

5-9 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» дөңгелек үстелі өткізілді.

5-9 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылыққа қарсымын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Суицидтің алдын алу мақсатында

9-11 сынып оқушыларымен «Өмір құндылықтары» тақырыбында тренинг өткізілді.

7-8 сынып оқушыларымен «Өмір қымбатсың маған» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

5-10 сынып оқушыларымен «Қорқыныш пен қобалжуды қалай жеңуге болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Ата-аналарға «Мектеп оқушыларының жасөспірімдік өтпелі кезеңіне бақылау, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жайлы және күйзеліске қарсы ата-аналарға кеңестер берілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында

5-9 сынып оқушыларымен «Жақсы қарым-қатынас» тақырыбында тренинг өткізілді.

5-7 сынып оқушылары «Күйзелісті жеңу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

5-8 сынып оқушыларымен «Әлемге қуаныш сыйлаймын» тақырыбында әңгімелесу өткізілді.

5-6 сынып оқушыларымен «Дау-дамайды шешу жолдары» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

8-9 сынып оқушыларымен «Жоқ деп айта аламын» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

7-8 сынып оқушыларымен «Түсінікке үйренеміз» тақырыбында ойын жаттығулар өткізілді.

Педагогтармен жұмыс.

Іскерлік қарым-қатынас. «Жаңа оқу жылын жалынды жастық жігермен бастайық» тақырыбында жас мамандармен тренинг өткізілді.

«Күйзелістің алдын алу үшін алғашқы психологиялық көмек» тақырыбында ақпарат берілді.

«Қуана, шатта білейік» тақырыбында мұғалімдермен тренинг өткізілді.

«Кешіре білу» тақырыбында мұғалімдермен тренинг өткізілді.

Ата-аналармен жұмыс.

«Ұялы телефонның оқушылар психологиясына әсері» тақырыбында ата-аналарға ақпарат берілді.

«Бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі» тақырыбында ата-аналарға ақпарат берілді.

««Мазасыздықты қалай жоюға болады? Балаңызбен қарым-қатынас құра білесіз бе?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

«Балаңыздың мамандық таңдауына ықпал жасайсыз ба?» тақырыбында сұхбат өткізілді.

IV. Консультациялық жұмыстар

11-сынып оқушыларымен «Өз болашағыңды анықтауда мынадай ережелерді ұстан!» тақырыбында кеңес берілді.

Оқушылардың бейімделуін және танымдық сферасын дамыту мәселелері бойынша 1-сынып мұғалімдеріне, ата-аналарына кеңес берілді.

Үлгерімі төмен оқушылардың сынып жетекшілері мен пән мұғалімдеріне кеңес берілді.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналарына кеңес берілді.

«Мұғалімдер мен оқушылар арасында кездесетін келіспеушіліктің алдың алу» тақырыбында мұғалімдерге кеңес берілді.

«Өзіңізге қалай көмектесе аласыз?» тақырыбында мұғалімдерге кеңес берілді.

V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар

1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі және 5-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін анықтау бойынша кеңестер, сұраныс бойынша жеке жұмыс жүргізілді.

Ата-аналар және педагогтармен сұраныс бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оқушылармен сұраныс бойынша жұмыстар жүргізілді.

Оқу-тәрбие үдерісіндегі оқушылардың дамуын психологиялық-педагогикалық қолдау.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» №6 бұйрығы негізінде психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құрамы құрылды. Құрамға:

1.Э.Е.Базылбаева – оқу ісінің меңгерушісі, комиссия төрайымы;

2.Г.К.Абеуова – тәрбие ісінің меңгерушісі, комиссия мүшесі;

3.А.М.Сламбекова – мектеп психологі, комиссия мүшесі;

4.А.К.Абеуова – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

5.Г.Байғалиева – медициналық қызметкер, комиссия мүшесі;

6.Р.К.Ахметов – дене шынықтыру мұғалімі, комиссия мүшесі;

7.Р.А.Бакауов – дене шынықтыру мұғалімі, комиссия мүшесі.

Мектептік психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің басшылығына мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Базылбаева Эльмира Егинбаевнаны тағайындалды.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ережесі, жоспары және хаттамалары әзірленді.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін тіркеу журналы

2022-2023ж	2023-2024ж	2024-2025
Өмірбек Мерхан	-	-
Машрап Нұрмұхаммед		
Балтабаева Даяна		

Сенім жәшігі. Сенім жәшігінің жұмысын ұйымдастыру және бақылауын төмендегідей топ мүшелері бекітілді:

1) Абеуова Г.К. – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

2) Сламбекова А.М. – мектеп психологы;

3) Адамжанова А.Б. – ата-аналар комитеті.

1.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу ісінің меңгерушісі Э.Е.Базылбаеваға жүктелді.

Сенім жәшігінің жұмысы туралы ереже, комиссия мүшелері, сенім жәшігінің ашу күндері кестесі, сенім жәшігін ашу актісі, сенім жәшігі мен сенім телефонына түскен хаттарды тіркеу журналы құжаттары әзірленді.

Оқыту- материалдық активтер

Жалтыр ЖОББМ материалдық-техникалық базасының жағдайы санитарлық нормаларға сәйкес келеді. Мектеп 1983 жылы салынған типтік ғимаратта орналасқан. Жобалық қуаттылығы

-320 орынды. Мектептің жалпы көлемі 333,9 шаршы метр құрайды. Мектеп 2021 жылы «Ауыл-алтын бесігім» бағдарламасы бойынша күрделі жұмыстан өтті. 147 млн қаржы бөлініп, барлық оқу кабинеттер жаңа жиһаздармен жабдықталып, терезе-есіктер толықтай жаңартылды. Занамануи үлгідегі мектеп қатарына енді. Мектепте 12 оқу кабинеті бар, оның ішінде жаңа модификациядағы 2 кабинет бар. Физика кабинеті 2019 жылы 4 млн 389 тг суммада, биология кабинеті 2021 жылы суммада жабдықталып, лабораториялық, практикалық жұмыстарға арналған барлық оқу құралдармен қамтылған. Мектепте информатика, химия, биология, физикаға арналған лаборатория кабинеттері бар. Сонымен қатар 4 оқу кабинеті (қазақ тілі, Қазақстан тарихы, география, STEM) мектеп түлектерінің демеушілігімен стендтермен, интербелсенді тақталармен жабдықталған. 2019 жылы ТОО «Мастер КапСтрой», Корпоративный фонд «Samruk-Kazyna Trust» 4 млн 183 тг әмбебап спорттық алаңы жасалып, мектеп қарамағына берілді. Стандартқа сай дене шынықтыру залы, 2 спорт алаңы бар. 100 орындық мәжіліс залы, 50 орындық асхана, кітапхана, медициналық кабинеті бар. Мектеп жанында 2021 жылы 47 орынды интернат ашылды. Мектептің компьютер саны-119лік орталығы 1 информатика кабинетінен тұрады, ұлдарға арналған шеберханада егеу станогі-1, бұрғылау станогі-1, ағашты өңдеу станогі-1, қыздарға арналған шеберханада іс тігетін машиналар бар.

Асхананың жалпы көлемі 164 шаршы метр, оның ішінде ас дайындайтын блогі 72,1 кв м, ас ішетін жер 82,8 кв м, қойма 8,1 кв м. Тағамдық блокта қуыруға арналған шкаф пен 1 электр плита, 1 мармит, 2 тоңазытқыз, 1 ларь бар. Мектеп асханасы 50 орындық. Оқушылар 2 кезеңде тамақтанады. Мектеп асханасының санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар. Мектеп директоры тарапынан бекітілген перспективалық ас мәзіріне сәйкес тамақтар дайындалады. Медициналық қызметкердайындалған тағамның сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді. Бракеражды комиссия тамақтың сапасын жоспарға сай тексеріп отырады. Барлық жабдықтар жұмыс күйінде, тауар жарамдылық мерзімі және температуралық жағдайы сақталады. Асхананың жабдықталуы 100%. Ас бөлме керекті қондырғылармен толық жабдықталған. Барлық қондырғылар жұмыс істеп тұр.

Мектеп оқушыларының ыстық тамағын ұйымдастыру үшін асхана жұмыс жасайды. Асханадағы қызметкерлер саны- 3 адам, оның ішінде 1 аспазшы, 1 еден жуышы және асхананы жалға алушы. Кәсіби талаптарға сай, жұмыс істеуге рұқсаттамалары бар. Асхана қызметкерлері мен оқушылар үшін барлық гигиеналық жағдайлар жасалған. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру сұрақтары қамтамасыз етілген нормативті құжаттар мектепте бар, сыныптар бойынша тамақтануды бақылау жүйесі құрылып, e-ashana арқылы мониторинг жүргізіледі.

Мектеп қазандығы мектептен 100 метр жерде орналасқан. Мектептегі температуралық тәртіп нормаға сай. Бу қазандықтары біреуі 2021 жылы, екінші 2022 жылы жаңартылды. ТехПлюс- арқылы оқу кабинеттеріне мониторинг жасалып отырады. Штатта 4 бірлік отжағушы бар.

Дәретхана мектеп ішінде орнатылған: ұлдарға арналған дәретханада 10 унитаз, қыздарға 13 унитаз, 21 раковина бар, қолға арналған қол кептіргіш-4. Барлық унитаздар бөліктермен бөлінген жеке есіктері бар кабинкаларда орналасқан.

Мектептің медициналық кабинеті екі бөлімнен тұрады: дәрігердің қабылдау және процедуралық. Медициналық кабинеттің лицензиясы бар. Медбибінің медициналық біліктілігін арттыру сертификаты мерзім талабына сәйкестігін растайды.

Жалпы мектепте оқушылар үшін барлық жағдайлар жасалған, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар контингентіне сәйкес арнайы жағдайлардың болуы. ҰБДҚ-нда көрсетілгендер: мектепке кіре берісінде пандус орнатылған, мектепте баспалдақтарда ескерту жолақтарын жоғары және төменгі деңгейлердегі қарама-қарсы түстермен боялды. Шақыру баспасы орнатылды және оған жауапты тұлғаны бұйрық арқылы бекітілді. Көпшілік қатынасын ғимараттың алдында көзі нашар көретін мүгедектерге ғимараттың ішкі жағында мнемосхема ақпараттық стенд ілінді. Мектептің кіре беріс есіктерінің ені 0,9м, табалдықтың 1,4см болғаны анықталды. Еденнің беті жылтыр болмауы тиісті, себебі көзі нашар көретін адамдарға кері әсер етеді. Дәретхана есігі сыртына ашылуы ескерілді.

Қолайлы жағдай және қауіпсіз орта жасау мақсатында мектепте 71 бейнекамера орнатылған, оның 51 данасы мектепте 10 данасы сыртта, 16 камера жедел басқару орталығына

қосылған, қауіп төнген дабыл түймесі арқылы берілген белгі полициямен қатар арнайы күзет қызметіне келіп түседі. Мектеп ғимаратына кіруді бақылауды ұйымдастырылған, штатта 2 бірлік вахтер, 3 бірлік күзетші қызмет атқарады, келген-кеткен адамдарды журналға тіркеп отырады. Мектепке бөгде адамдар кіруге тыйым салынған. Мектепке кезекшілік кестесі құрылған. Өрт және ТЖ-дің алдын алу құрылғысы және дауыс хабарлағышы, дабыл түймесі орнатылған.

Спорт залдың жалпы көлемі-171,8 кв м, бөлме 25,8 кв м, ұлдар шешінетін бөлме 11,5 кв м, қыздар шешінетін бөлме 11,2 кв м. 1 шахмат кабинеті бар.

№	Спорт жабдықтар тізімдемесі	Дана
1.	Баскетбол добы	10
2.	Волейбол добы	3
3.	Футбол добы	4
4.	Гимнастикалық мата (сары)	5
5.	Гимнастикалық мата (жасыл)	3
6.	Брезентовые маты	2
7.	Фишки футбольные	10
8.	Гимнастикалық тақтайлар	8
9.	Насос	1
10.	Обручъ	10
11.	Волейбол сеткасы	1
12.	Канат	1
13.	Шаңғы аяқ киімдері	24
14.	Шаңғы таяқтары (алюминь)	6
15.	Шаңғы таяқтары (пластик)	17
16.	Шаңғы (пластик креплением)	15
17.	Шаңғы пластикалық (жаңа)	9
18.	Ағаш шаңғылар «Юность»	4
19.	Сетка футбольный	4
20.	Футбол жейдесі	9
21.	Воротарь формасы	2
22.	Футбол формасы (сары)	6
23.	Шахмат	3
24.	Тоғызқұмалақ	6
25.	Перчатки футбольные	1
26.	Шахмат сағаты	5
27.	Волейбол формасы (жасыл)	8
28.	Футбол формасы (қара)	8
29.	Крепление лыжные новый	6
30.	Мяч метание резиновые	4
31.	Гранат для метание	2

Компьютерлік техниканы қолдау тиімділігі және саны, оның интернет желісіне қосылуы жөніндегі мәлімет

Кабинеттердің жұмыс жоспарлары жасалған. Кабинеттерде техника қауіпсіздігіне арналған стенд бар, ілінген, оқу жылының басында қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқау өткізіліп, оқушыларға қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды тіркеуге журнал басталады, өрт кезінде эвакуациялау жоспары құрылған, медициналық қорапшасы бар.

№	Компьютерлер	Кабинет	Қай жылы келді	Интернетке қосылған
1	5+1 10+1 1 мультимедиялық жабдықтау	Информатика	2015 2017 2018	+

2	1 ноутбук 1 интерактивті панель	Физика	2017	+
3	1 интерактивті панель	Биология	2011	+
4	1 интербелсенді тақта 1 ноутбук	Қазақ тілі мен әдебиет	2019	+
5	1 интерактивті панель 2 мультимедиялық жабдықтау 3 ноутбук	Бастауыш сынып	2021	+
6	1 интерактивті панель	Математика	2021	+
7	1 интербелсенді тақта 1 ноутбук	тарих	2019	+
8	2 ноутбук 1 моноблок 2 ноутбук 3D принтер 1 интерактивті панель	STEAM	2016 2019	+
9	1 компьютер 1 интербелсенді тақта	Ағылшын	2017	+
10	1 ноутбук 1 интербелсенді тақта	Химия	2018	+
11	6 ноутбук	Teacher office	2019	+
12	2 ноутбук	Teacher office	2020	+
13	55 нетбук 9 компьютер 8 планшет		2020	+
14	1 ноутбук	Кітапхана	2010	+
	4 принтер	1 кітапхана 1 іс жүргізуші 1 директор 1 орынбасар	2017 2020 2019 2021	

Анықтама: Мектеп бойынша барлығы 119 компьютерлік техникасы бар (15 дербес компьютер, 21 ноутбук, 55 нетбук, 28 планшет). Барлығы 148 оқушы (1-11 сынып), 1 компьютерге келетін бала саны 1,2. Интернетке қосылған компьютер саны – немесе 100%. Мектепке кіретін интернет жылдамдығы 30 мбит/с

Компьютермен қамтамасыз етілуі жайлы мәліметтер.

Оқу жылы	Оқушы саны	Компьютерлер саны	Бір оқушыға шаққанда компьютерлер саны	Электронды оқулықтар саны	Интербелсенді тақта саны	Тачпанель
2023-2024	148	119	1,2	120	4	5
2024-2025	142	119	1,2	120	4	5
2025-2026	152	119	1,2	120	4	6

Мектепті компьютермен қамту көрсеткіші жыл сайын жоғарлауда, жылдамдығы 30 Мбит/с кем интернет желісіне қосылған. Оқу үрдісінде барлық оқу кабинеттері компьютерлермен қамтылған. 2026 жылы демеушілер тарапынан қазақ тілі кабинетіне 1 тачпанель сыйға тартты.

Электронды журнал «Kundelik.kz» жүйесі. Жалпы білім беретін мектептері үшін электрондық журналдар мен күнделіктердің автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің «Күнделік» бағдарламасы арқылы іске асады. «Күнделік» жүйесі арқылы оқушылар, ата-аналары

өз бағаларын, үй тапсырмаларын, сабақ кестелерін, мектептегі жаңалықтарды және тағы да басқа пайдалы ақпаратты көре алады

Жыл сайын оқушылар мен ата-аналардың «Күнделік» жүйесінде жұмыс істеу деңгейі артуда. Қашықтық оқыту кезінде оқушылар мен ата-аналардың кіру көрсеткіштері жоғарлады. «Күнделік» жүйесіне күнделікті жүргізілуі бақыланды. Әр күн сайын есептер құрылып отырды.

Мектеп сайтының жұмысы. Мектеп 2016 жылдан бастап 2024 жылдың наурыз айында дейін <http://kentubek.educ.kz/> сайтымен жұмыс жасап келді. 2024 жылдың наурыз айынан бастап <https://zhaltyr.mai.edu.kz/kz/> жұмыс істеп келеді. Web-сайт мектептің оқыту әрекеттерін ақпараттық және интернет желісі арқылы оқу процесі мен тәрбие жұмыстарын жүргізу қорларын қолдау құралы. Мектеп сайтының бетінде мектеп жайында толық мәліметтер берілген. Мәліметтер блогы. Мектептің мекен-жайы, орналасқан жері, аймағы, мектептің поштасы және т.б Мектеп тарихы. Қашан құрылғаны, алғашқы басшылары және мектептің негізгі қол жеткізген табыстары мен елге мәлім тұлғаларын қамтуға болады.

Мектеп кітапханасының жұмысы

Кітапхана – білім беру ұйымының маңызды ақпараттық-мәдени орталығы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – оқырмандардың ақпараттық сұраныстарын қанағаттандыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, білім алушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамыту, сондай-ақ кітап қорын тиімді пайдалану мен сақталуын қамтамасыз ету.

2025–2026 оқу жылында кітапхана жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Жұмыс барысында кітап қорын толықтыру және сақтау, оқырмандарға сапалы қызмет көрсету, ақпараттық-библиографиялық жұмыстарды ұйымдастыру, «Балалар кітапханасы» жобасын жүзеге асыру, мерейтойлық және тәрбиелік іс-шараларды өткізу бағыттарына ерекше көңіл бөлінді.

Кітапхана өз қызметінде оқушыларды, педагогтерді және ата-аналарды қажетті оқу, ғылыми-әдістемелік және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етуге, кітап оқуға қызығушылықтарын арттыруға, рухани-адамгершілік құндылықтарды насихаттауға бағытталған жұмыстар атқарылды. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы кітапхана қызметінің қолжетімділігі мен тиімділігі арттырылды.

Жыл бойы кітапхана қорының қозғалысы есепке алынып, оқулықтармен қамтамасыз ету, кітап көрмелерін ұйымдастыру, әдеби кештер, акциялар, оқырман конференциялары және түрлі мәдени-ағартушылық іс-шаралар өткізілді. Бұл жұмыстар оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Осы есепте 2025–2026 оқу жылында кітапханада атқарылған жұмыстардың негізгі бағыттары мен нәтижелері көрсетілген.

Оқушылардың ана тілін білудің маңызы жайлы айту. Ана тілін құрметтеуге, ана тілін сүйуге, ардақтауға үйрету мақсатында 5 қыркүйек- Қазақстан халқы тілдер күніне орай кітапханада “Тіл - халық қазынасы, ұлт шежіресі” атты кітап көрме өтті. Көрмеге кітаптар, суреттер қойылды.

Қазақстан халқы тілдер күніне орай “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Жұмбақтар әлемі” атты топтық сайысы өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың ана тілі туралы өлең, мақал –мәтел, нақыл сөздерді оқыту арқылы оқушының сөздік қорын молайтып, тіл байлығын дамыту. Ана тілін сүйуге, ардақтауға үйрету. Мектепбімізде “Балалар кітапханасы” жобасы аясында кітап оқуды насихаттау мақсатында “Кітаптар айналымы” атты акция ұйымдастырылды. Кітап алмасу, оқыған шығармаларымен бөлісу. Акция 23 қазан мен 03 қараша аралығында оқырмандар арасында өтті.

25 қазан Республика күніне орай оқушыларды Отанға құрмет көрсетуге, туған жеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында «**Менің Отаным-Қазақстан**» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар көрме барысында туған ел тарихымен танысып, қажетті ақпараттармен қамтылды.

Республика күніне орай «Қазақстан – қыран далам» атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды! Білім мен тапқырлық сынға түскен бұл ойын барысында қатысушылар еліміздің тарихы, мәдениеті және тәуелсіздік жолындағы жетістіктері туралы білімдерін көрсетті. Ойын қызықты сұрақтар мен танымдық тапсырмалар арқылы өтті, ал жеңімпаздар арнайы алғыс хаттармен марапатталды. Бұл шара – жас ұрпақтың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, ел тарихына деген қызығушылығын тереңдетуге бағытталды.

“Балалар кітапханасы” жобасының басты мақсаты мектеп кітапханаларын маңызды балалар әдебиетімен қамтамасыз ету болса, кітапханашы сол қамтылған әдебиеттерді өз оқырманына бағыт-бағдар бере отырып оқуына ықпал жасау. Осыған байланысты мектеп кітапханашысы мен сынып жетекшілерінің қолдауымен күзгі каникул жоспарына сәйкес 23.10 мен 03.11 аралығында “Кітаптар айналымы” акция аясында әр оқырман өздері оқыған кітаптары бойынша қорытынды бейнебаяндарын жасады. Акцияға қатысушылары 11 сынып оқушысы Үйренқызы Айнұр және 3-ші сынып оқушысы Бейбіт Сезім.

“Балалар кітапханасы” жобасы аясында күзгі демалыс кезіндегі уақытты тиімді пайдалану мақсатында, “Демалыста кітап оқимыз” атты оқушылар арасында кітап оқуды ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, көпшілік алдында өз ойын еркін жеткізуге, тіл байлығын арттыруға ықпал ету. Кітап оқуға бастауыш сынып оқушылары қатысты.

Ұлттық валюта күніне ақпараттық дайджест ұйымдастырылды. 15 қараша – Қазақстан Республикасының Ұлттық валюта күні. 1993 жылы осы күні ұлттық валютамыз – **теңге** айналымға енгізілді. Теңге еліміздің экономикалық тәуелсіздігі мен егемендігінің маңызды белгісі болып табылады. Бүгінде теңге Қазақстанның қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, ел экономикасының дамуына қызмет етуде.

Кеңес Одағының батыры, “Халық қаһарманы” орденінің иегері Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай мектеп кітапханашысы Ш.Алдангорованың ұйымдастыруымен “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “ИНФО - TIME Өмірден алынған 20 факт” шарасы өткізді.

Мектепте қоғамдық-гуманитарлық пәндер апталығы шеңберінде оқушылар үшін көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Оқушылар белсенді қатысып, шағын ойындарға қатысып, көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Мақсат — оқушылардың сергіп, жақсы эмоция алуына, сондай-ақ бір-бірімен достық қарым-қатынасты нығайтуға жағдай жасау. Осындай қызықты іс-шаралар апталық бойы жалғасын тауып, өткізіліп отырды.

Жалтыр жалпы орта білім беру мектебінде мектептің жоспарына сәйкес Қоғамдық-гуманитарлық бағыт апталығы аясында және құзырет орталығы жоспары негізінде 2025 жылдың 12 желтоқсан күні “Тәуелсіздік ел - зиялы ұрпақ” атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Бұл сайысқа Көктөбе, Мукашев және Жалтыр орта мектебінің 7-8 сынып оқушылары қатысты. Сайыс 6-кезең бойынша өтілді.

Балалар кітапханасы” жобасы аясында кітапханамызда “Құқықтық сауаттылық - уақыт талабы” атты құқықтық бұрыш жасалды. Бұл бұрыштың мақсаты-балалардың құқықтық мәдениетін арттырып, өз құқығы мен міндетін дұрыс түсіне алатын тұлға қалыптастыру. Мұнда оқушыларға арналған құқықтық әдебиеттер, түсіндірме материалдар және пайдалы ақпараттар топтастырылды. Балалар еркін қарап, қажетті мәліметті ала алады.

13 ақпан күні «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Шын жүректен кітап сыйла» атты акциясы өтті. Іс-шараның мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, жас ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды насихаттау және кітапхана қорын құнды әдебиеттермен толықтыру. Акция барысында оқушылар мен ұстаздар өздерінің сүйікті кітаптарын сыйға тартып, мектеп кітапханасының қорын жаңа туындылармен байытты. Бұл – білімге, кітапқа деген сүйіспеншіліктің жарқын көрінісі. Кітап – рухани қазына, ал оны бөлісу – үлкен жүректің белгісі!

Мектебізде «Өзің оқы, өзгеге ұсын» кітап оқу жалғасуда. Бұл жолы кітап оқуды насихаттау аясында мектебіміздің 11-сынып оқушысы Үйренқызы Айнұр жалғастыруда. Өздері сүйіп оқитын кітаптарын ұсынып, барша оқушыларды кітапханаға барып, кітап оқуға шақырды. Олар үшін кітап – тек білім көзі ғана емес, көшбасшылықтың, ой-өрістің және мәдениеттің негізі.

2026 жылы еліміз бойынша ұйымдастырылатын «Бір ел - бір кітап» республикалық акция аясында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақстанның халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтың «Тағдыр» атты тарихи романы жыл кітабы болып таңдалды. Осыған орай виртуалды кітап көрме ұйымдастырылды.

2-сәуір Халықаралық балалар кітабы күніне орай “Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Ертегілер еліне саяхат” атты сайысын бастауыш сынып мұғалімдері Достоева Р. К, Жунусова У. С және мектеп кітапханашы Алдангорова Ш. Н ұйымдастырып, өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың ертегілер туралы білімдерін тереңдету; ертегілерді сахналау барысында кейіпкерлердің мінез - құлқын жеткізе білуге, сөз мәнерін, қимыл - қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

«Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты Ұлттық кітап күніне орай және онкүндік аясында «Ғылым әлемі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, өткізілді. Көрменің мақсаты: Ғылыми-танымал әдебиеттерді оқуға қызығушылықты қалыптастыру, оқушылардың дүние танымын кеңейту. Ғылым әлемімен таныстыру арқылы танымдық белсенділігін дамыту. Кітап көрме 4 бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім «Ғылымға арналған өмір және өшпес мұра» бұл бөлімде қазақ ғылымының дамуына үлес қосқан ұлы тұлғалар таныстырылды. Екінші бөлім «Ғылым қиялдан басталады» бұл бөлімде фантастикалық шығармалар арқылы ғылым мен қиял байланысы туралы айтылды. Үшінші бөлім «Білім мен өмір» бұл бөлімде қазақ әдебиетінің өмірлік мәні терең шығармалар ұсынылды. Төртінші бөлім «Ғажайыптар әлемі» бұл бөлімде табиғат пен ғылымның таңғажайып құбылыстары туралы қысқаша мәлімет берілді. «Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты Ұлттық кітап күніне орай және онкүндік аясында кітапханада “Яссауидің рухани мұрасы” атты деректі фильм көрсетілді. Іс-шара барысында оқушылар ұлы ойылшылдың өмір жолы, рухани мұрасы және халқымыздың мәдениетіндегі орны туралы мол мағлұмат алды. Осындай мазмұнды шаралар жас ұрпақтың рухани дүниесін байытып, ғылымға деген қызығушылығын арттыра түседі.

«Балалар әдебиеті - рухани тәрбие бастары» атты Ұлттық кітап күніне орай өткізілетін онкүндік іс-шаралар жоспарына сәйкес “Туған өлке қаламгерлері” тақырыбында ұйымдастырылған іс-шара 6–8 сынып оқушыларының қатысуымен мазмұнды өтті. Шараның басты мақсаты – жергілікті ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау, жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру және әдебиетке қызығушылығын ояту болды.

«Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты Ұлттық кітап күніне орай және онкүндік аясында “Жүректен шыққан жыр” атты поэзия кеші өтетін туралы жарнама ұйымдастырылды. Кеш барысында қазақ поэзиясының таңдаулы туындылары оқылып, рухани әсерге бөлену мүмкіндігі ұсынылады.

Кітап – білімнің қайнар көзі, рухани байлықтың бастауы. Осы мақсатта мектебімізде оқушылар арасында «Шын жүректен кітап оқы» атты кітап оқу челленджі ұйымдастырылды. Челлендж барысында оқушылар сүйікті кітаптарын оқып, әсерімен бөлісіп, қызықты ойларын ортаға салды. Бұл бастама оқуға деген қызығушылықты арттырып, кітапқа деген сүйіспеншілікті нығайтты. Кітап оқиық – ойымызды дамытайық, болашағымызды жарқын етейік!

«Балалар әдебиеті – рухани тәрбие бастауы» атты Ұлттық кітап күніне орай және онкүндік аясында көркем еңбек пәнінің мұғалімі Сериққали М.Ж, музыка пәнінің мұғалімі Адамжанова А.Б және мектеп кітапханашысы Алдангорованың ұйымдастыруымен “Кітап-білім бұлағы” атты интеллектуалды ойын сайысын өткізді. Бұл шарада қатысушылар өздерінің кітапқа деген қызығушылығын, логикалық ойлау қабілеттерін көрсетті. Шараға оқушылар белсене қатысып, өз ойларын еркін жеткізді. “Балалар әдебиеті - рухани тәрбие бастауы” атты Ұлттық кітап күніне орай мектеп кітапханасында оқырмандардың әдебиетке деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітапхана түні» акциясы ұйымдастырылды. Шара аясында пән мұғалімдері мен мектеп кітапханашыларының бастамасымен «Жүректен шыққан жыр» атты поэзия кеші өткізілді. Іс-шара мақсаты:

- * Балалар әдебиеті арқылы оқушыларға рухани тәрбие беру;
- * Поэзияға деген сүйіспеншілікті ояту және көркем сөздің құдіретін түсіндіру;
- * Ұлттық рухани құндылықтарды насихаттау.

Әдеби кеш қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері — Ілияс Жансүгіров, Мұқағали Мақатаев және Фариза Онғарсынованың өмірі мен шығармашылығына арналды. Шара барысында аталған ақындардың әдеби мұрасын дәріптеуге басымдық берілді. Жиынға мектеп оқушылары мен кітапхана оқырмандары қатысты. Оқырмандар ақындардың өмір жолынан естеліктер айтып, олардың рухты жырларын мәнерлеп оқыды. Қатысушылар поэзия арқылы ана тіліміздің байлығын сезініп, рухани азық алды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар жас буынның кітап оқуға деген ынтасын арттырып, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Ұлттық кітап күні мерекесіне орай мектебімізде оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру мақсатында көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Үзіліс барысында оқушылар кітап туралы мақал-мәтел айтып, қызықты сұрақтарға жауап беріп, әдеби кейіпкерлерді танып-білу ойындарына қатысып, ерекше белсенділік көрсетті. Кітап – білімнің кілті, рухани қазына. Осындай шаралар оқушыларды кітап оқуға ынталандырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді.

9 мамыр Ұлы Жеңіс күніне орай “Аталарға тағзым” атты танымдық сағатын тарих пәнінің мұғалімі Бақауова Н.О мен мектеп кітапханашы Алдангорова Ш.Н ұйымдастырып, өткізді. Мақсаты: Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлеріміздің өмір жолымен, ерліктерімен таныстыру. Патриоттыққа тәрбиелеу.

“Zhaltyr camp” сауықтыру лагерінің жоспарына сәйкес 4-маусым Рәміздер күніне орай “Мемлекеттік рәміздер-ел мәртебесі” атты танымдық сағатын мектеп кітапханашысы Ш.Алдангорова ұйымдастырып, өткізді. Бұл шараның мақсаты-оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімді қалыптастырып, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыру болды. Танымдық сағат барысында оқушыларға Ту, Елтаңба және Әнұранның шығу тарихы, олардың терең мәні мен маңыздылығы жан-жақты түсіндірілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісіп, рәміздерге деген құрметтің әрбір азаматтың қасиеті борышы екенін түсінді.

2025–2026 оқу жылы барысында кітапхана өз қызметін жоспарға сәйкес жүргізіп, оқырмандарға сапалы кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетті. Жыл бойы кітап қоры толықтырылып, сақталуы қадағаланды, оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылды. Оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар, кітап көрмелері, әдеби кештер, тәрбие сағаттары мен танымдық кездесулер өткізілді. Кітапхана жұмысының нәтижесінде оқушылардың оқу белсенділігі артып, кітапханаға келушілер саны көбейді. Оқырмандардың ақпараттық сауаттылығын қалыптастыруға және рухани-мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталған жұмыстар өз деңгейінде жүзеге асырылды. Сонымен қатар, мұғалімдер мен білім алушылардың оқу-тәрбие үдерісіне қажетті ақпараттық ресурстармен қамтамасыз етілуіне жағдай жасалды. Алдағы оқу жылында кітапхана жұмысын жетілдіру, кітап қорын жаңа әдебиеттермен толықтыру, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану және оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын одан әрі арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылады.

Жалпы, 2025–2026 оқу жылында кітапхана алдына қойған міндеттерін орындап, білім беру ұйымының ақпараттық-мәдени орталығы ретіндегі қызметін табысты атқарды.

Қорытынды

1. Оқу - тәрбие процесі мен әдістемелік жұмыс ҚР Білім беру мекемелерінің қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілердің талаптарына, мектеп Жарғысына, жергілікті актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Оқу-тәрбие процесі ҚР МЖМБС және оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылған;

2. Білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарлары, сабақ кестелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің МЖМБС талаптары мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес және қолда бар) бағаланатын кезеңдегі оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестесінің көшірмелері қоса беріледі);

3. Инвариантты компонент, вариативті компонент және таңдау бойынша курстардың жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің бұйрықтарымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер, вариативті компонент пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады;

4. Бастауыш білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталады және оқу жүктемесінің жалпы көлеміне сәйкес келеді

5. Сыныптарды топтарға бөлу талаптарды ескере отырып, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып сақталады;

6.Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың талаптары сақталады (жиынтық жұмыстардың кестелері қоса беріледі)

7.Педагогикалық ұжым тұрақты, білікті. Курстық қайта даярлаудың перспективалық жоспары бар және іске асырылуда. Педагогикалық шеберлікті арттыру бойынша үлкен әдістемелік жұмыс жүргізілуде;

8.Тәрбие жұмысын іске асыру білім алушылардың субъективті жаңа білімді білуі мен игеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған, білім алушылардың руханиадамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы іске асырылады;

9. Вариативтік компонентті таңдау бойынша курстарды және факультативтерді іске асыру сәйкес жүзеге асырылады (бағаланатын кезеңдегі вариативтік компоненттің сабақ кестелерінің көшірмелері, оның ішінде зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі)

10." Өмір қауіпсіздігі негіздері" және "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курстарын зерделеу нұсқаулық-әдістемелік хаттарға сәйкес оқу бағдарламалары негізінде жүргізіледі;

11.Ақпараттық-кітапханалық қамтамасыз ету облыстық бюджет есебінен жүзеге асырылады. Жаңа буын оқулықтарының түсуі есебінен кітап қорының ұлғаю серпіні байқалады. Оқушылар оқу және энциклопедиялық әдебиеттермен қамтамасыз етілген;

12.Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы орындалады. Медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады;

13.білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы орындалады. Мектепте асхана, ыстық тамақ дайындауға қажетті жабдықтары бар ас үй, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарынан білім алушылардың мәртебесін құжатпен растаған және жергілікті бюджет есебінен тегін негізде қамқорлыққа алынған білім алушылардың тамақтануы ұйымдастырылған;

14.Өзінің оқу-материалдық базасының болуы;

15.Сыныптар бойынша оқу мерзіміне, оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы демалыс уақытының ұзақтығы Қазақстан Республикасының ОАМ бұйрықтарына сәйкес келеді.

МЕКТЕПТІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ АЛҒА ҚОЙҒАН МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мектептің педагогикалық ұжымының нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, мәселелерді педагогикалық талдаудың негізінде мектептің педагогикалық ұжымы жаңа оқу жылына арналған міндеттерді айқындады:

- Оқушыларға білім берудің және оқыту үрдісінің сапасын көтеру;
Әр түрлі деңгейдегі пән олимпиадаларға дайындау сапасын күшейту;
- Инновациялық іс-тәжірибені жинақтау және тарату (әр түрлі деңгейдегі семинарларға озық іс тәжірибе тарату, іштей конкурстарға қатысу, оқу-әдістемелік құралдарды құрастыру, жариялау)
- Педагог қызметкерлерін ұлттық біліктілік тестілеуге қатыстыру, біліктілік санаттарын арттыру
- «Үздік авторлық бағдарлама» облыстық конкурсы, «Үздік педагог» конкурсы, «Жыл мұғалімі» конкурстарына үміткерлерді дайындау
- Факультатив сабақтарына, элективті курстардың нәтижелілігін бақылауға алу
- Педагог мамандарының инновациялық іс-тәжірибелерін жинақтау жұмысын ұйымдастыру, сапасын, тиімділігін анықтау;
- Мектептің әдістемелік жұмысын жетілдіріп, ӨБ жетекшілерінің жұмыстарын нығайту;
- мұғалімдердің білімін жетілдіру мақсатында жоспар бойынша белгіленген курстарға жіберу;
- Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып сабақтар жүйесін дайындау
- ҰБДК қорын сапалы толтыру, уақытылы жаңартып отыру
- Пән бойынша оқу әдістемелік-дидактикалық құралдар әзірлеу
- Мектепалды даярлық сыныбы мен бастауыш, бастауыш пен негізгі саты оқу үрдісінің сабақтастығын ұйымдастыру, қорытындылау мазмұнымен қамту;
- Мектепшілік бақылау жұмысы жоспар бойынша сапалы жүргізілсін;
- Пән онкүндіктерінің дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау;

- Жас мамандарға әдістемелік көмек ұйымдастыру.